www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

JAS QAZAQ

ISSN 2074-899X

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

№28 (808) 31 шілде 2020 жыл

ӨЗЕКТІ

ПОЛИЦИЯНЫҢ БЕДЕЛІ – ҚОҒАМ АБЫРОЙЫ

Алматыда аса ауыр қылмыс жасаған кісәпірді ұстау жолында жанкешті ерлік көрсеткен полиция майоры Бақытжан Бәкіров Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жарлығымен II дәрежелі «Айбын» орденімен марапатталды. Ержүрек офицер күдіктінің ізіне түсіп, онымен алысып-жұлысып, 13-ші қабаттан секіріп, аяғын мертіктірсе де, уысынан шығармады. Өзінің бұл қадамын асқан ерлік деп санамайтын азаматқа бүкіл ел, тіпті шеттегі жұрт риза болып, лайықты бағасы мен батасын беріп жатыр. Ал осы Бақытжан алты баланың әкесі екенін білгенде, қуаныш пен алғыс еселене түсті.

Зұлымдықты ауыздықтаған бұл оқиға – соңғы уақыттағы ақпараттың бірі ғана. Тәуелсіздік жылдары осылай қызмет барысында тәуекелге барып, қаншеңгел қылмыскерлер қолынан 780 астам полиция сақшысы шейіт болғанын көпшілік біле де бермеуі мүмкін. Бірінің артында аңырап ата-анасы, енді бірінің соңында жоқтап асыл жары, шырылдап шиеттей бала-шағасы қалды. Осының ішінде 115 қызметкерге мемлекеттік награда қаза тапқаннан кейін берілген. Ал екі жарым мыңдай сақшы түрлі жарақат алған. Осы және басқа мәлімет күн сайын басын қауіп-қатерге тіккен мамандық иелеріне деген жұртшылықтың бір жақты, қасаң көзқарасын өзгертсе, кәне? Десек те, бәріне халық – сыншы, ел – елек. Әрине, бұл жерде, ел арасында жиі айтылатын, тіпті жөнімен де, жөнсіз де қайталанатын «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді», «Халық айтса, қалт айтпайды» немесе «Көпке топырақ шашуға болмайды» сынды мәтелмен кейбірін жақтауға да, даттауға да, енді басқасын мақтауға да, соттауға да болар еді. Оған ауыз әбден үйренген, құлақ та еш тосырқаған емес. Ондай стереотип пікірдің қалпынан шығып, тәуелсіз мемлекетке қандай тәртіп сақшылары керектігін, олардың қоғамдағы орнын айқын ұғыну көкейкесті болары хақ.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Бүкіл әлемді тығырыққа тіреп, сабыр мен төзімді сарқып, өлім мен өмірдің мәнін терең ұғындырған жұқпалы індет әлі күшіне мініп тұр. Біздің елді де айналып өткен жоқ. Ел басына күн туғанда, кейбір пысықтар мен алаяқтар ақша жасаудың алуан түрлі амалын ойлап тауып, қалтасын қампайтып қалуда. Сенатор Мұрат Бақтиярұлымен әңгімемізге қоғамның өзегіне түскен жегіқұрт – жемқорлық, қолдан жасалған дәрі-дәрмек тапшылығы, дәрігерлердің біліктілігі де арқау болды.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, *Сенат депутаты:*

БІЗ ТӘРБИЕСІЗ «МӘДЕНИЕТТІ» КӨБІРЕК ҚАБЫЛДАДЫҚ

Jas qazaq: Мұрат аға, Алматыда жалған дәрі-дәрмек жасайтын астыртын цех табылыпты. Осыны айтып, әріптесіңіз Мұхтар Құл-Мұхаммед еліміздің Бас прокурорына депутаттық сауал жолдады. Тексере келгенде әлгі дәрілерге арналған қорап шығаратын баспахана мен дәрі сақтайтын қойма да табылып, 100 тоннадан астам күмәнді препарат тәркіленген. Бұл дәрі тапшылығын пайдаланып ақша жасау ма, әлде бақылаудың жоқтығы ма?

М.Бақтияұлы: Әлемде бизнестің мол табыс әкелетін бірнеше түрі бар. Мысалы, қару-жарақ, дәрі-дәрмек бизнесі. Ал қазір өкінішке қарай, елде болып жатқан жағдайға байланысты дәрі-дәрмек бизнесі тым шарықтап кетті. Оның ашық та, жасырын түрі де көбейді. Кешегі Алматыда болған оқиға соның бірі ғана. Дәрі-дәрмек бизнесіндегі «көлеңкелі бизнес» кеше ғана болған жоқ, бұрыннан бар. 2011 жылдан бастан СК-Фармация компаниясы құрылды. Қазақстанға келетін дәрінің бәрін сол компания әкелетін болды. Оған кезінде депутат ретінде қарсы болғанмын. Үкіметке депутаттық сауал да жолдадық. Өйткені, біріншіден, Қазақстан сияқты жер аумағы үлкен мемлекетке бір компанияның дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуі мүмкін емес. Екіншіден, отандық өндіріске үкімет мүдделі болмады. Мысалы, Қазақстандағы дәрі өндірісінің 18 пайызы ғана отандық өнім. Қалғаны шетелден келеді. Сонда бұл бизнес емей не? Бизнес болғанда да үлкен бизнес. Менің әріптесім Мұхтар Құл-Мұхаммедтің айтып жүргені рас. Ол – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Өйткені бұл – халықтың денсаулығы.

Jas qazaq: «Дәрі-дәрмекті бақылаудың жоқтығы ма» дегеніміздің өзіндік себебі бар. Мысалы, дәрі бағасын ортадағы алыпсатар бір көтереді. Одан кейін дәріхана қожайыны ойына келген баға қояды. Тұтынушыға жеткенше бір тал дәрінің бағасы бірнеше есе өсуі мүмкін. Құзырлы орындар қайда қарап отыр?

М.Бақтияұлы: Президент өзінің үндеуінде үкіметтің, әсіресе денсаулық сақтау министрлігінің, жергілікті атқарушы органдардың індетке қарсы нақты іс-шара жасамағаны туралы ашық айтты. Толық қолдаймын. Бұл парламент қабырғасында да айтылған болатын. Тыңдайтын құлақ болмады. Өкінішке қарай, көптеген отандастарымыз дер кезінде нақты дәрігерлік көмек ала алмағандықтан, тиісті дәрі-дәрмек жетпегендіктен өмірден озды.

(Жалғасы 3-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

КОВИД ДЕП ЖҮРГЕНДЕ...

Ковид өршігелі өзге кеселдер ұмыт қалмауы тиіс. Әсіресе, қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселесі. Өйткені қайсыбір емдеу орындарында осындай түйткіл бар көрінеді. Бұл жетіде ақпарат құралдары Алматыдағы онкологиялық орталықта кейбір дәрі-дәрмектің тапшы екенін хабарлады. Емдеу орындағылар «Біз назардан тыс қалдық!», «Қатерлі ісікке шалдыққан науқастарға беретін дәрі жоқ» деп дабыл қағыпты.

Орталық директоры Нұрсұлтан Ізмағамбетов тапшылықты пандемиямен байланыстыруда. Оның айтуынша, сүйек қатерлі ісігіне шалдыққан науқастарға берілетін қажетті дәрі-дәрмек мүлдем жоқ көрінеді. Н.Ізмағамбетов «Қолғап жетіспеді. Біз оны өзіміз шештік. Сатып алып жатырмыз. Сүйек метастаздарын емдеуге арналған дәрі-дәрмек мүлде жоқ. Мысалы, «Золедрон қышқылы», «Бонефос» деген дәрілер. Өкінішке қарай, «СК-Фармация» биыл бізге мұндай препараттан бір тал да жеткізген жоқ. Дәрі тасымалдаушылардың қоры бар. Біз сол қордан өзіміз сатып алып отырдық. Алған препаттарымыз маусымның ортасына дейін ғана жетті. Енді оның орнын басқа дәрімен алмастыруға мәжбүрміз. Бірақ ондай дәрілердің жанама әсері көп. Науқасқа бергенде уақыт көп кетеді. Одан бас тартып жатқандар да бар», – деді.

Алып шаһарда жыл сайын онкологиялық ауру белгілері 4 мыңнан астам адамнан анықталады екен. Жуырда ғана аты жаман кеселден бір кісі көз жұмды. Осы оқиға туралы хабарлаған марқұмның туыстары қажетті дәрі-дәрмектің аз болғанын айтыпты.

Кесел адам таңдамайды, уақытқа бағынбайды. Ковидпен күресіп жүргенде, басқа індетті асқындырып алып, тізгіндей алмай жүрмейік.

Жарас ШӨКЕ

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

Нұржан ӘЛТАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Біздің экономикамыздың бірінші проблемасы – оның шикізат пен мұнай ресурстарына тәуелділігінде. Елді қарапайым заттармен қамтамасыз ету үшін оларды шетелден сатып аламыз. Біз үнемі шикізат қорына үміт артып отырмауымыз керек. Енді өзіміз өндіруіміз қажет. Себебі пандемия кезінде шекаралар жабылып, қажетті дүниелердің тапшылығын сезіндік. Екінші проблема – сыбайлас жемқорлық. Адамдар қарапайым медициналық қызметті ала алмай жатқанда сыбайлас жемқорлық ең жиіркеніштi кейіпте көрінді. Өкінішке қарай, экономиканың көптеген саласында монополия пайда болды. Дәрі-дәрмекті жеткізуге қатысты айтсақ, 3-4 компания өзіне лайықтап «жол» салып алған. Бағаның шарықтап кеткені де содан. Бұл тұрғындарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге мүмкіндік бар кезде орын алып отыр. Мұндай монополистердің ар жағынан әлдекімдердің құлағы қылтияды».

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)	43,76
DOLLAR	416,49
EURO	489,25
РУБЛЬ	5,75

ТӘБӘРІК

Құрбан айт қарсаңында күллі мұсылман дүниесіне мәшһүр Қожа Ахмет Йассауи кесенесінің күмбезі жаңартылды.

7 КҮН 168 SAGÁT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

БИЛІК

Күллі дүниені бүріп тұрған қатерлі кеселге қарсы күрес пен тұрғындардың денсаулығын сақтау бүгінде мемлекет алдындағы көкейкесті міндет болып тұр. Осы сәрсенбіде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өткізген эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру жөніндегі кеңесте аталған мәселе жан-жақты талқыға түсті.

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, басқосуда Үкімет Асқар Мәмин қазіргі ахуал жөнінде баяндап, дертке шалдығу және өлім-жітім, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасы, тұрғындардан тест сынамасын алу деңгейі, интенсивті терапия және жансақтау палаталарын қажетті дәрі-дәрмекпен, медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету секілді негізгі көрсеткіштер бойынша өңірлердегі ахуал бойынша жүргізілген күнделікті мониторинг жайында мәлімет берілді.

Ал денсаулық сақтау министрі Алексей Цой кеңесте инфрақұрылым нысандарының эпидемиологиялық ахуалға және экономикаға ықпалын ескере отырып, карантин шараларын кезең-кезеңімен жеңілдету жолдарын баяндады. санитарлық-эпидемиологиялық ахуал жайында баяндады. Қазақстан Президентінің баспасөз қызметі таратқан хабарламада «Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының, Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері аталған өңірлердегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал жайында мағлұмат берді. Аймақ басшылары келтірген деректерден мынадай түйін жасауға болады. Елімізде коронавируске шалдыққандар қатары азайып, кеселден

akorda.kz

КЕСЕЛГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС – КӨКЕЙКЕСТІ МІНДЕТ

5 шілдеде елімізде қатаң карантин шаралары енгізілгеннен кейін індет жұқтырушылардың саны 29 пайызға төмендегенін атап өтті. Деректерге жүгінсек, бір күнде індет жұқтыратындар саны 1500-1600 аралығында тұрақтаған. Стационарда емделушілердің қатары 43 пайызға, оның ішінде, жансақтау бөліміндегі науқастар саны 27 пайызға кеміді. Сауығып шыққандар бойынша көрсеткіш 63 пайызға дейін өскен. Жедел жәрдем шақыру да азайды. Осылайша денсаулық сақтау жүйесіндегі негізгі жүктеме көрсеткішті төмендетуге қол жеткізілді. Сонымен қатар,Президентке

Мемлекет басшысы коронавирус індетіне шалдығушылардың және соның салдарынан болатын өлім-жітім көрсеткішін төмендетудің аса маңызды екенін атап өтті. Шілде айында енгізілген шектеу шараларының оң әсерін одан әрі арттыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстандағы және шекаралас мемлекеттердегі эпидемиологиялық жағдайдың күрделене түсу ықтималдығын ескере отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік комиссияға карантин шараларын кезең-кезеңімен жеңілдету арқылы екі аптаға ұзартуды тапсырды.

Сондай-ақ бұл жетіде әкімдер де Мемлекет басшысына өңірлердегі айыққандар саны көбейе түсті» делінген. Осыған қарап, елдегі жағдай тұрақталып келеді деп айтуға толық негіз бар. Атқарылған шаруаның нәтижесінде емдеу мекемелерінде төсек-орынның, қажетті дәрі-дәрмектің қоры жасақталды.

Мемлекет басшысы ахуалды қатаң бақылауда ұстап, аталған міндетке басым бағыт ретінде мән беруді тапсырды. Бұл ретте карантин шараларын сақтаудың маңызды екені және халыққа түсіндіру жұмыстарын белсенді түрде жүргізе беру қажеттігі атап өтілді.

Талап ТІЛЕГЕН

ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти

Аса Қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Қадірлі қауым!

Баршаңызды күллі исі мұсылман баласы асыға күтетін ұлық мейрам – Құрбан айтпен шын жүректен құттықтаймын! Айттарыңыз қабыл болсын! Сіздерге Алладан амандық, мықты саулық, мол ырыс пен бақ-береке тілеймін!

Құрбан айт – асыл дініміз Исламдағы екі ұлық мерекенің бірі. Айтулы күнде мұсылман қауымы Құдай жолында құрбан шалып, қанағат пен қайырымдылықтың, мейірімділік пен ізгіліктің риясыз үлгісін көрсетіп, көмекке мұқтаж жандардың бата-тілегін алып, алғысына бөленеді.

Бағзы заманнан бері Ислам дінін рухани тірегіне айналдырған халқымыз Құрбан айтты айрықша дайындықпен қарсы алады. Ұлық мейрамда ерекше ыждаһат һәм ықыласпен орындалатын құлшылықтар мен ізгі іс-шаралар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, игі дәстүрге айналды.

«Құрбан» сөзі «жақын болу», «жақындау» деген ұғымды білдіреді. Бұл – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы осында жатыр. Қасиетті Құранда: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарың (шынайы ниеттерің)» *(«Хаж» сүресі, 37-аят),* – делінген. Аятта айтылғандай, Құдай жолында жақсылық жасауға ниеттенген пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды.

Материалдық мүмкіндігі бар, әрі жолаушы емес мұсылманға құрбандық шалу – уәжіп, мұсылмандық міндет. Ал шамасы келмеген адамға Алла Тағала мұндай міндет жүктемеген. Айт күндері аз да болса садақа беріп, қараусыз қалған қарттарға, жетімдер мен көпбалалы отбасыларға көңіл бөлу – сауапты іс.

Құрметті отандастар!

Өкінішке қарай, әлемдегі және елдегі жағдайға байланысты Құрбан айтты өз дәрежесінде атап өтіп, жамағатпен құлшылық жасай алмаймыз. Алланың аманаты болған өміріміз бен денсаулығымызды сақтау – мұсылмандық міндетіміз. Алайда сауап іздеген адам үшін жақсылықтың есіктері қашан да ашық. Біз осы ретте құрбан шалу шараларын қашықтықтан жүзеге асыруды қолға алдық.

Құрбан айттың тарихына терең бойласақ, Алла Тағала Ибраһим пайғамбарға *(оған Алланың сәлемі болсын)* сынақ жібергеннен кейін оны сүйінші хабармен қуантқан. Бұл туралы Құранда баяндалған: «...Бұл нағыз ашық сынақ еді. Біз оның орнына үлкен құрбандық *(Ұжымақ қошқарын)* ауыстырдық. Біз оған соңғылар ішінде «Ибрахимге сәлем!» деген алғыс қалдырдық. Біз жақсыларды осылай сыйлаймыз. Өйткені, ол иманды пенделеріміздің еді» *(«Саффат» сүресі, 106-111-аяттар)*.

Аса Мейірімді, ерекше Кеңшілік Иесі Раббымыз осы сынақты тезірек жақсылыққа алмастырғай. Шалған құрбандық, берген садақа, жасаған әрбір игі амалдың сауабы еселеніп жазылғай.

Алла Тағала жер бетін жұқпалы дерттен тазартып, жақсылығы мен берекетін жаудырғай. Қауіпті індеттен қайтыс болғандарды мейіріміне бөлеп, науқас жандарға шипасын бергей. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай.

Мешіттеріміз ашылып, жамағатпен құлшылық жасайтын күнді жақын етіп, қалыпты өмір тіршілігіне қайта оралуды жазғай! Әумин!

Айжан ЕСМАҒАМБЕТОВА,
мемлекеттік бас санитарлық дәрігер:

«Карантин жағдайында жабық орында және ашық жерде бетперде тағу – міндет. Осыған байланысты тиісті талаптар қойылады. Бұл талаптарды бұзған азаматтар жауапқа тартылады. Адамның қолы – инфекцияны таратады басты құрал. Ал біз қолмен бет-аузымызды қайта-қайта ұстағанымызды өзіміз де байқамаймыз. Бұл – вирус жұқтырудың бірден-бір жолы».

Әділет министрлігі:

«Екі-үш адамнан аспайтын топ ашық жерде бетпердесіз жүрсе, бұл санитарлық ережені бұзу болып саналмайды. Сондықтан олар әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды».

АНТИ ТЕЗА

Сөз-Жебе

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,
Сенат депутаты:

«Алматыда жалған дәрі-дәрмектер даярлайтын астыртын цех пен оларды салуға арналған қораптар шығаратын баспахана және заңсыз өнімдерді сақтайтын қойма табылғаны хабарланды. Қазір әрбір дәрілік препарат пен медициналық бұйым есепке алынып, дәрігерлеріміз әрбір сырқаттың денсаулығы мен өмірін сақтап қалу үшін жанқиярлықпен күресіп жатқан кезде мұндай сұмпайы кәсіпкерлердің ашкөздігі мен арамзалығы жаға ұстатады. Олардың арам пиғылының ауқымы біздің мыңдаған отандастарымыздың өміріне қауіп төндіріп, еліміздің денсаулық сақтау жүйесіне орасан зор нұқсан келтіре жаздады».

COVID 19 статистикасы (29.07.2020)

КЕСЕЛ ЖҰҚТЫРҒАНДАР – 86 192

АЙМАҚТАР БОЙЫНША

Атырау облысы	10111	Маңғыстау облысы	2792
Алматы облысы	4188	Түркістан облысы	2698
Ақтөбе облысы	2980	Шығыс-Қазақстан облысы	5864
Ақмола облысы	2473	Батыс-Қазақстан облысы	5560
Қарағанды облысы	8305	Солтүстік-Қазақстан облысы	2912
Қызылорда облысы	2859	Алматы	11236
Қостанай облысы	2482	Нұр-Сұлтан	10570
Жамбыл облысы	3391	Шымкент	4784
Павлодар облысы	2987		

Дерекқөзі: ДСМ

Нарық

БИЗНЕСКЕ ҚОЛДАУ

Карантин кезінде ең көп зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік қолдау шарасы ретінде несие төлемдері биылғы жылдың 1 қазанына дейін шегеріледі.

Үкімет олардың қызметіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды бекітуді, санитарлық ережелерді сақтауға бақылау жасауды тапсырды. Кәсіпорынның жұмысына салынған тыйымды алып тастау алгоритмі кәсіпкерлерді тіркеуді және «Info Kazakhstan» электрондық платформасында қызметті қайта бастауға өтінімдер қабылдауды қамтиды. Әкімдік, СЭҚ, өңірлік кәсіпкерлер палатасы қызметкерлері мен жұртшылық өкілдерінен құралған Комиссия тексергеннен кейін бизнес субъектілеріне қызметін қайта бастауға электрондық рұқсат беріледі.

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Өзекті

(Басы 1-бетте)

Өйткені сындарлы пікір-пайым екі жаққа да пайдалы деп ойлаймыз. Дәл қазір сақшының тәулік бойғы қажырлы еңбегін тиісінше бағалауды былай қойғанда, оларға деген қоғам құрметінің жұтаңдауын кімнен көргендейміз? Осы мәселеде жауапты орындармен бірге бәріміздің де алаңдауымызға не себеп?

Көше мәдениеті ешқашан өнегенің орны болған емес. Елірген топпен елдіктің бірісі де шешілмейді. Шатақ пен ілініс ешқашан берекеге жол ашпаған. Сондықтан кеше де, бүгін де бардың қадірін білмей, әлеуметтік қиындықтың себебін біреуден немесе бір қызметтен көру – қоғамды танымау ғана емес, ауқымды жұмыс. Мәселен, есірткі саудагерлерімен ауызжаласқан, жезөкшелермен сыбайласқан немесе мал, зат ұрлағандармен табақтас тәртіп сақшылары туралы әңгімелердің өріп жүргеніне жұрт куә. Жас ұрпақтың санасына жылдар бойы сіңіп қалған қауесеттерге сақшылардың өзінен басқа ешкім де тосқауыл қоя алмасы белгілі. Қарапайым халық арасында полиция туралы оң пікір қалыптастыру үшін абыройлы, беделді кәсіби мамандар еңбегі мен ерлігін танытуы қажет. «Уағыз арқылы емес, өнеге көрсету арқылы көп нәрсеге қол жеткізуге болады» деген имани сөз де бар. Сондай ізгі істер БАҚ-қа тақырып, көркем туындыларға өзек болса, сол салаға жеке есеппен, қарақан бастың қамымен баратындар күрт азайып, мамандықтың мәртебесі дамыған мемлекеттердегіден

ПОЛИЦИЯНЫҢ БЕДЕЛІ – ҚОҒАМ АБЫРОЙЫ

қауымды адастырудың нақ өзі болмақ. Белсендінің белсенділігі – халықты адастыруда емес, адаспаудың мәнін біліп, айқын жол нұсқауда. Бетін аулақ қылсын, сеңдей соғысқан көше мен алаңдағы берекетсіздікті ғана емес, әлеуметтік желілердегі жадағай жазылып-көрсетіліп жатқан дүниелерді, тіпті киімінде мемлекеттік рәміз айшықталған арнаулы жасақтың жағасына жармасып, сақшылық белгілерін жыртып жатқан сюжеттерге, көріністерге сараптама жасап, зерделеу де артық болмас еді. Өйткені өзгені қайдам, бізге киім ішіндегі адамға емес, мемлекетіміздің қалқаны мен қорғанына тап бергендей жағымсыз әсер қалдырды. Ешкімді ақтап алмақ мақсатымыз да жоқ. Арымызға тиетіні – елдік-мемлекеттік заңның қатаңдығы далада қалғаны ма? Заң орындалмаса, халық ұшпаққа шыға ма? Бізге бататыны – тәуелсіз еліміздің қол жеткізген табыстарына тас лақтырумен пара-пар әрекеттің астары, мемлекеттік нышанға деген немқұрайлылық пен құлықсыздық.

Ішкі істер органдарының жеткіліксіз, тиімсіз жұмысын мәдениетті түрде көрсетуге, шынайы бағалауға, сауатты ұсыныс енгізуге не кедергі? Екі жыл бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ішкі істер

органдарының ахуалы қоғамның талап-тілегіне толық жауап бере алмайтынын, полиция қызметкерлерінің азаматтармен өзара қатынасы қазіргі стандарттарға сәйкеспейтінін және бұл сала заманауи жағдайларды ескере бермейтінін тілге тиек еткен болатын.

Ал былтыр Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Құқық қорғау жүйесін толық реформалау – аса маңызды міндеттердің бірі, – деп атап көрсетті. – Ең алдымен, 2020 жылдың аяғына дейін Әкімшілік полиция комитетінің жұмысын қайта ұйымдастыру қажет. Мұны науқаншылдыққа айналдырмай, сапалы жүргізген жөн. Полицейлер жұмысының тиімділігі полиция қызметінің беделді болуына байланысты.

Ішкі істер министрлігін реформалауға алдағы үш жыл ішінде 173 миллиард теңге бөлінеді. Бұл қаражат еңбекақыны көбейтуге, баспананы жалға алуға, халыққа қызмет көрсету қағидаты бойынша полицияның заманауи фронт-офистерін ашуға жұмсалады».

Ал осындай қамқорлық көріп отырған тәртіп сақшылары мемлекетіміздің күшін, қуатын көрсетуде табандылық танытып жүр ме? Мемлекеттің тікелей өкілі бола тұра, жекелеген қызметкерлер арын, қолын былғап, билікке, бүкіл жүйеге кір келтіруден арыла алмай келеді. Біздіңше, полиция қызметін мүлтіксіз орындау үшін әрбір тәртіп сақшысы кіршіксіз таза болуы тиіс. Мемлекетшіл, отаншыл істе полиция қызметкері жастарға үлгі-өнеге көрсетуі абзал. Бұл – идеологиялық сүйемелдеуді қажет ететін өте кем түспесі анық. Өмірі қауіп-қатерге толы тәртіп сақшыларына атқарушы биліктің, қоғамның құрметі лайықты дәрежеде болуын да қамтамасыз еткен жөн. Тәуелсіз еліміздің тыныштығын сақтау жолында жанын пида еткен, шейіт болған қызметкерлерді ақтық сапарға шығарып салуды жоғары дәрежеде өткізу рәсімін енгізуді өркениетті деңгейде шешкен дұрыс деп есептейміз. Бұл – тек оның отбасы үшін ғана емес, әрбір отаншыл азаматтың, мемлекеттік қызметкердің жоғары абыройы үшін аса қажет. Мұндай жиынға қатысу әріптестерінің, жерлестерінің азаматтық парызы болуы тиіс. Мұндай рәсім дамыған елдерде бұрыннан өткізіліп келеді. Екі жыл бұрын полиция қызметкерлерінің санын ықшамдау мәселесі де орынды көтерілген болатын. Әр кезеңде қатарға еніп кеткен кездейсоқ мамандардың орнына жаңа кадрларды тарту елімізде енді ғана басталған волонтерлер қозғалысының бір бағыты бола алады.

Сондықтан реформа барысында Ішкі істер министрлігі өз қатарын тазалау рәсімін өткізсе дейміз. Ол кезекті аттестаттау, штат қысқарту сияқты үйреншікті әдістерден әлдеқайда маңызды әрі сапалы іс-шара болуы шарт. Екінші өзекті мәселе де кадрға байланысты. Аталған салада қазіргі қолданыстағы конкурстық іріктеу қаншалықты ұтымды? Ілгеріде бұл кәсіпке жұртпен жұмыс істей білетін, елмен етене араласа алатын адамдарды ұжымдар ұсынатын. Бәлкім, ендігі жерде осы саланың нағыз тәжірибелі, майталман мамандарының *(кемінде үш адам)* ұсынысы болса маман үшін, өз аты мен абыройын сақтап қалу үшін де жауапкершілікті сезіну орнығатын еді. Әлбетте, кәсіби шеберлік *(профессионализм)*, білімділік *(соның ішінде, мемлекеттік тілді меңгеру де бар)* – кез келген мамандықтың мәртебесін көтереді. Азаматтардың сенімі, олардың жайлы тұрмысы мен қауіпсіздігі полиция тиімділігін бағалаудың негізі болмақ. Яғни, баяғы көрсеткіш қуу үрдісі келмеске кетеді. Полиция жұмысының тиімділігі болғанда ғана халық ортасында олардың беделі артады, әрбір азамат оларды өзінің қорғаны санайды.

Дәл қазір ғаламды жайлаған пандемияға байланысты елімізде жарияланған карантин кезіндегі тәртіпті қадағалауды ғана емес, қандай жағдайда болсын, жаймашуақ, тыныш өміріміз бен қауіпсіздігімізді мүлтіксіз, өркениетті түрде сақтауды тәртіп сақшыларынан талап етеміз. Сондықтан ел қорғанына, ел сақшысына көрсетілер құрмет жалаң сынап-мінеуден емес, қоғам болып бірлесіп ақылдасып-кеңесуден, талап пен ынталандырудың таразы басын тең ұстаудан құралмақ. Мұндай дәстүр Қазақ елінде болған және қазір де болуы заңды.

Дархан МЫҢБАЙ,
Мәжіліс депутаты

Жедел сұхбат

(Басы 1-бетте)

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
Сенат депутаты:

БІЗ ТӘРБИЕСІЗ «МӘДЕНИЕТТІ» КӨБІРЕК ҚАБЫЛДАДЫҚ

Бүкіл билік олардың алдында кінәліміз деп санаймын. Әлі де болса он мыңдаған адамға көмек қажет. Олар қатты қиналуда. Барлық күшімізді солардың өмірін сақтап қалуға жұмсауымыз керек. Үкімет абаттандыруға, жол салуға, тағы басқа шығынды қысқартып, оның орнына қажетті медициналық құрал-жабдық сатып алуы керек. Адам өмірінен қымбат ешнәрсе жоқ.

Өзім танитын қаншама таныс кісілер дүние салды. Алла имандарын жолдас етсін! Жүрегің ауырады. Қолдан келгенше дәріге қаржы таппай қиналған таныс ағайындарға көмектесуге тырыстық. Бірақ бұл тығырықтан шығудың жолы емес екенін білемін. СК-Фармация не істеп жатыр? Соңғы айларда коронавирусқа қарсы республикалық бюджеттен бөлінген 24 млрд теңге қайда жұмсалды? Елде дәрі тапшылығы неге орын алды? Бар дәрілердің бағасы неге қымбат? Өз көзіммен көргенім – қарапайым азаматтардың көпшілігінде керекті дәрі-дәрмек алуға мүмкіндігі жоқ.

Әкімдердің құрғақ цифрларға құрылған үндеуі мен баспасөз мәслихатынан пайда жоқ. Нақты іске көшу керек. Көптеген жобаларды, әсіресе жолға бөлінген 700 млрд теңгеге жуық ақшаны халықтың денсаулығына қарай бұрған дұрыс. Жолдан гөрі ұлт денсаулығы маңызды. Тұрмысы төмен отбасыларға індетті жеңгенше дәрі тегін берілуі тиіс.

Jas qazaq: Әрине, мұндай сын сағатта қаржы да, мемлекеттің назары да медицинаға бұрылғаны жөн ғой. Дегенмен заңға пысқырмайтын дәріханалар әлі де бар. Өзіңіз дәріханаларды аралап, бағаны бағамдап көрдіңіз бе?

М.Бақтияұлы: Осыдан бір-екі апта бұрын Қызылорда қаласындағы бес дәріхананы аралап шықтым. Біріншіден, ұзын-сонар кезекті көрдім. Екіншіден, көптеген дәрілер, әсіресе, антибиотиктер табылмады. Дәріхана иелері себебін түсіндіріп бере алмады. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ететін жергілікті жердегі ірі компанияның басшысымен сөйлестім. Оның айтуы бойынша, 18 пайыздық отандық дәрінің өзі сапасыз. Ал шетелден алып келетін дәрілердің бағасы қымбат. Оның үстіне, ұлттық валюта құнсызданып, доллар шарықтап кетті. Ал денсаулық сақтау министрлігі дәрінің жоғары бағамын бұйрықпен көтере алмайтындай шегендеп қойған. «Сондықтан біз шетелдегі сатып алу құны 1000 теңге тұратын дәріні Қазақстанда министрліктің шектеп қойған 700 теңгесімен қалай сатамыз?» дейді. Логика бар.

Осы кезге дейін СК-Фармация компаниясының қаншама басшылары былыққа батып сотталды. Қазір дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге облыс әкімдері мен денсаулық сақтау басшылары жауап бермейді. Өйткені оның иесі – СК-Фармация. Сондықтан да СК-Фармацияны таратып, оның функцияларын бұрынғыдай жергілікті денсаулық сақтау басқармаларының құзіретіне беру керек. Екіншіден, дәрі-дәрмектің шекті бағасын жасанды қою нарық заңдарына қайшы. Оның бағасын сұраныс пен ұсыныс реттейді. Егер біз дәл қазір шектеу бағасын алып тастайықшы, он күннің ішінде еліміздегі бүкіл дәріханада дәрі жоқ деген сөз айтылмайды. Бұл осы саладағы шенеуніктердің қолдан жасап отырған қиындығы.

Jas qazaq: Мұрат аға, басы ауырып, балтыры сыздаған адам дәрігерге барады. Үлкен кісілер бұрын дәрігерлердің өз кәсібіне жетік, ісіне адал екендерін айтып жататын. Қазіргі дәрігердің біліктілігін қалай бағалайсыз?

М.Бақтияұлы: Менің мамандығым дәрігерліктен тым алшақ. Өмірімде ең алғаш рет 1999 жылы Қызылордадағы облыстық ауруханаға жаттым. Едені мен керуеті сықырлаған, терезелері ашылса жабылмайтын, жабылса ашылмайтын ескі ғимарат болатын. Өзім перитонит болып, түнде ота жасады. Таңертең есімді жиып көзімді ашсам, палатада менен бөлек екі кісі жатыр. Жанымда ота жасаған Абдулла Шүлембаев тұр. «Інім, барлығы дұрыс болады, ота сәтті жасалды» деп қолымды қысып күлімсіреді. Оның өзі маған үлкен рух берді. Сол күні түске жақын бас дәрігер Тұрғанбай Маханов келіп бір палатада жатқан үшеуміздің де жағдайымызды сұрап, қасындағы бөлім меңгерушісінен қандай ем қолданып жатқанын тәпіштеп сұрап, кетерінде «Қандай өтініш-шағымың бар?» деп сұрақ қойды. Кейін білдім, бас дәрігер ретінде Тұрғанбай аға аптасына екі рет барлық палаталарда ем алып жатқандарды арнайы аралап, хал-жағдайын біліп шығады екен. Бұл советтік кезеңде білім алған дәрігерлердің білімі ғана емес, адами қасиеттері де жоғары екендігін көрсетеді. Олар жылы сөзімен емдейтін. Оны мойындау керек. Кезінде Қызылорда облысының әкімдігінде қызметте жүргенде денсаулық сақтау басқармасының бастығына сол кездегі облыстағы әкіміміз Болатбек Қуандықовпен бірге маман іздеп, белгілі хирург, ғылым докторы Болатбек Баймахановты алдырдық. Сонымен бірге, ОМЦ-ға бас дәрігер етіп, ғылым докторы Нариман Табынбаевты қойдырдық. Жекеге айналып кеткен қалалық ауруханаңы мемлекет меншігіне өткізіп, оған тәжірибелі Асылбек Тоғызбаевты алдық. Бұл азаматтар адал, кәсіби жұмыс жасады. Оған халық бағасын бере жатыр. Қазір де осы салаларға іскер, халықшыл азаматтарды таңдап қою керек. Жалпы екі саланы денсаулық пен білімді тек мықты мамандар басқару керек. Бұл аксиома.

Jas qazaq: Жақында ғана педофилді ұстаған сақшы марапатталды. Азғынды заң арқылы ауыздықтау керек дейміз. Алайда біздің елде олардың саны да, жасаған қылмысы да азаяр емес. Өзге елдердің тәжірибесіне қарасақ, полицияға көбірек өкілеттілік берілген. Бізде қандай шара қабылдау керек деп ойлайсыз?

М.Бақтияұлы: Педофилдерге қатысты мәселе жыл сайын көтеріледі. Жалпы бұл халық назарындағы тақырып. Біз былтыр заң қабылдағанбыз. Қарапайым жұрт оны біле бермейді. Кейбір блогерлер жерден жеті қоян тапқандай болады. Ал оның бәрі заңда көрсетілген. Қылмыстық кодекс бойынша, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 14 жасқа дейінгі балаларға зорлық көрсеткендер 20 жылдан өмірінің соңына дейін бас бостандығынан айырылады. Бұл үлкен жаза. Екіншіден, мұны салдарынан емес, тәрбиеден іздеуіміз керек. Тәрбие басты назарда болуы қажет. Өкінішке қарай, біз тәрбиені қолдан шығарып алдық. Керісінше, қоғамда болған келеңсіз жағдайларды басқаларға ысырып тастай саламыз. Қоғамда сондай жаман әдет пайда болды. Кінәні өзімізден іздемейміз. Қит етсе, полиция кінәлі, заң кінәлі деп шығамыз. Бірақ, айналып келгенде, бұл жағдайға отбасындағы тәрбие кінәлі.

Педофил деген Қазақстанда ғана емес, барлық мемлекетте бар. Шетелдің біраз мемлекеттерін білемін. Тіпті оларда біздегіден көп. Бұрынғы қазақ қоғамында жас балаларға күш көрсету, зорлау, қорлау деген сияқты қылмыс болды ма? Болған жоқ. Ол кездегі тәрбие керемет еді. Бір отбасының тәрбиесі тұтас ұлттың тәрбиесі саналатын. Қазір соның бәрінен айырылып қалдық. Жаһандану дәуірінде біз тәрбиесіз «мәдениеттерді» көбірек қабылдадық. Кейбіреулер оларға өлім жазасы керек деп жатыр. Мәселе өлім жазасымен шешілмейді. Бұл тәрбиемен ғана түзелетін дүние.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

«АҚЫЛДЫ ҚАЛА»: ЦИФРЛАНДЫРУ + ҮЗДІК ТЕХНОЛОГИЯ

«Smart city», бұл – «Ақылды қала». Еліміздің үшінші мегаполисі бүгінде ақылды, цифрлы және қауіпсіз қалаға айналып келеді. Әсіресе, қазіргідей көрінбейтін жаумен күрес кезеңінде сандық сауаттылыққа ерекше ден қоюға мәжбүрміз. Себебі, қашықтан оқу, онлайн қызмет, электронды сауда, цифрлық бизнес бізді онлайн-тіршілікке үйретіп-ақ тастады.

Цифрлық сауаттылық – адамды барлық салада сандық технологияларды сенімді, тиімді және қауіпсіз қолдануға үйрету. Ол қазіргі таңдағы ақпараттық қоғамда қауіпсіздік негізі саналады.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының төртінші бағыты – Адами капиталды дамыту, оның ішінде халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру. Бұл тұрғыда цифрлық сауаттылыққа оқыту жалғасуда. Биылғы жоспар – халықтың цифрлық сауатының деңгейін 80 пайызға жеткізу. Осы бағытта 12 мың адам цифрлық оқудан өткізілмек.

Еліміздің цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінде https://digitalkz.kz/kursy/ ресми сайты ашылып, онда арнайы курстық оқыту бөлімі жұмыс істеуде. Сонымен қатар арнайы телеграм-канал да ашылған.

Жалпы бұл оқу 5 бағытта жүреді: «Базалық дағдылар», «Е-коммерция», «Ашық үкімет» порталы, «Ақпараттық қауіпсіздік негіздері», «Электронды үкімет және электронды мемлекеттік қызметтер» веб-порталдары.

Цифрлық сауат арттыру оқуына шымкенттіктер де қатыса алады. Курс маусым айынан бастап қазан айының соңына дейін жалғасады.

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бірінші боп еліміздің үшінші мегаполисінде іс-тәжірибеден өткізіліп жатыр. Мәселен, Шымкент қаласы білім беру саласын цифрландыруда көш бастап тұр. Бұл салада балабақша, мектеп және басқа да білім беру мекемелеріне құжат қабылдау, жолдама беру бойынша сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер электрондық үкімет egov.kz порталы және mektep.shymkent.edu.kz сайты арқылы автоматтандырылған.

Шаһар басшысы Шымкентте «Ақылды қалалар» эталондық стандарты мен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында негізгі 8 саладан тұратын тұжырымдама жүзеге асырылып жатқанын және бұл бағыттағы жұмыстардың одан әрі жалғасатынын айтқан еді.

«Қаланы басқару» саласы бойынша «109» мониторинг және жедел ден қою қызметі» қолданысқа енгізілді. Шымкентте «iKomek 109» деп аталатын 30-дан астам қызмет түрі біріктірілген жаңа орталық іске қосылған болатын. iKomek ахуал орталығының мақсаты – тұрғындардың өтінішін қабылдау, орын алған мәселелерді дер кезінде

шешуді үйлестіру. Бір айда орталықтың ақпараттық базасына 6430 өтініш тіркеліп, оның 6095-нін шешімі табылған.

Әзірге «iKomek109» бірыңғай диспетчерлік орталығының жұмысы тұрғындарға онша танымал емес. «109» дегенде бұрынғы анықтамалық қызметпен шатастыратындар да бар. Жаңа қызметтің маңыздылығын орталықтың басшысы Мерген Әміров былайша түсіндірді:

– Ахуалдық орталыққа қала тұрғындары кез келген салада, атап айтқанда, анықтамалық ақпарат алудан бастап, тұрғын үй қатынастары, денсаулық сақтау, білім беру, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, сауда, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, мал-дәрігерлік және коммуналдық мәселелер бойынша өздерін мазалаған сауалдарымен хабарласуына болады.

– Бұл әкімдік жұмысын жақсартуға арналған бірегей жоба. Цифрландыру кезеңінде үшінші мегаполистің әрбір тұрғынының өтініш-шағымы назардан тыс қалмайды. Егер қандай да бір мекеменің мекенжайы, не байланыс телефоны қажет болса *(анықтамалық)* 1-2 минутта, ал әлеуметтік қолдау ретінде беріліп жатқан 42500 немесе 15000 теңге секілді мәселелерде *(қоңырау шалатындар көп)* кемінде екі күн ішінде шешімінің табуына атсалысамыз. Дәл қазіргі уақытта шаһар халқының сапалы өмір сүру деңгейін жақсартуда аудан әкімдіктері, басқармалар, сервистік қызмет, барлығы 30 мекемемен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп жатырмыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында азаматтардың барлық өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бәрімізге ортақ екенін атап өтті. Сол үшін қоғамдық диалог орнату, ашықтық, адамдардың мұң-мұқтажына жедел назар аудару қажеттігін мемлекеттік органдарға тапсырды. Сондықтан қазір қызмет көрсету аясын кеңейтуді жоспарлап отырмыз. Бұл жұмыстарға қаладағы барлық мекемелерді жұмылдыратын боламыз, – дейді орталықтың сарапшы-маманы Тоғжан Маратқызы.

Мерген Әміровтің айтуынша, 109 бірыңғай диспетчерлік орталығының жұмысы жүйеленсе, халықтың мемлекеттік қызметкерлерге деген сенімі артады. Екіншіден, орталыққа келіп түскен әрбір қоңырау сарапталып отыратындықтан, алдағы күндері мемлекеттік органдардың, ондағы басшылардың жұмыс рейтингі жасалады.

АШЫҚ ӘКІМДІК

Шымкент қаласының әкімдігі – Ашық әкімдік. «Ашық әкімдік» жобасының аясында азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызмет шарттары орындалып, карантин

жағдайындағы Ахуалдық орталықтың жұмысы іске асып келеді.

Ал Өтініштермен жұмыс істеу бөлімі азаматтардың өтініштерімен жұмыс сапасын арттыру мақсатында ашылған.

«Ашық әкімдікте» қала тұрғындарының арыз-шағымдарын қабылдайтын 10 терезе жұмыс істейді, *(оның ішінде 1 терезе өзіне-өзі қызмет көрсетуге арналған).* «Бір терезе» қағидаты бойынша бір жерде бірнеше мемлекеттік қызметтерді көрсетеді.

Әкімдіктің мәліметі бойынша, ағымдағы жылдың 4 айында 5 483 өтініш келіп түсіп, оларға тиісті жауаптар берілген. Әкімдік тарапынан көрсетілетін 160 мемлекеттік қызметтің 141-і автоматтандырылған, бұл 88,1 пайызды құрайды.

Бұдан бөлек, жер қатынастары саласын цифрландыру мақсатында өткен жылы halyksaulet порталы іске қосылды. Halyksaulet арқылы мекенжайға нөмір беру, оны нақтылау және жою қызметтері автоматтандырылған жүйе арқылы бір жұмыс күнінің ішінде ұсынылып жатыр. Бүгінде шаһарда бас жоспардың инвестициялық картасы *(shymkent.genplan.kz)* әзірленген. Ендігі кезекте Шымкент қаласының геопорталын дайындау жұмыстары жүргізілуде.

Үшінші мегаполисте шаһар басшысының тікелей мұрындық болуымен соңғы бір айда бірнеше ақпараттық портал іске қосылып үлгерді. Алғашқы болып коронавирус туралы нақты ақпарат таратын арнайы сайт ашылды.

Мұнда қала тұрғындары КВИ бойынша жедел статистикамен таныса алады. Қалалық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Т.Варзиловтың айтуынша, сайтта COVID-19, пневмония және ЖРВИ-мен ауыратын науқастар саны, тәулік ішінде ауруханаға түскен және емделіп шыққан науқастар саны туралы ақпарат жарияланады.

«Тұрғындар COVID-19 бірыңғай ақпарат порталына кіріп, ауруханаларда және провизорлық орталықтардағы реанимациялық төсек-орындарда қанша науқас емделіп жатқанын біле алады. Интернет-ресурста ақпараттар күн сайын жаңартылып отырады. Сонымен қатар онда дәрігерлердің қатысуымен бейне-брифингтер өтіп, аурудың алдын алу, оның белгілері және сақтану ережелері туралы мағлұмат беріледі. Сондай-ақ сайттан медициналық мекемелер мен провизорлық орталықтардың мекенжайлары мен телефондары туралы ақпаратты табуға болады», – деді Т.Варзилов.

Екіншісі – науқастарды қашықтан қарайтын жаңа онлайн қызмет. Шымкенттің білікті дәрігерлері 1430.kz сайты арқылы онлайн түрде тегін кеңес беруге көшті. Аталмыш сайтқа жергілікті емханалардың жалпы тәжірибелік дәрігерлері тіркеліп, қызмет көрсетуге дайын. Олар желі арқылы науқасқа кеңес беріп, алғашқы медициналық көмекті көрсететін болады.

Бұл үшін 1430.kz порталында тіркеліп, қажетті маманды таңдап, онлайн-қабылдауға жазылу жеткілікті. Қала тұрғыны сайтқа өзінің атымен, логинімен тіркеледі. Сосын тиісті дәрігерін тапқан соң, бос уақытына сай онлайн кеңеске жазылады. Онлайн кеңес уақытына 10 минут қалғанда дәрігер мен пациентке консультация күтіп тұрғандығы туралы смс-хабарлама келеді.

Емханалардағы жалпы тәжірибелік және мамандандырылған дәрігерлер, оның ішінде хирург, травматолог, уролог, гинеколог және өзге де жетпіске жуық маман аталған сайтқа тіркелген.

Онлайн қызмет елімізде телемедицинаны дамыту бойынша қолға алынған Start-Up жобалардың бірі. Бұл тәжірибе бұған дейін Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында жүзеге аса бастаған.

Аталған сайт туралы Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов Инстаграм парақшасында былай деп жазды:

«Еліміздегі, атап айтқанда, Шымкент қаласында қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты, бізге медициналық қызметкерлердің кеңесі мен көмегі қажет екені өздеріңізге белгілі. Медициналық көмек қазір халық үшін қолжетімді болуы тиіс. Алайда қажетті медициналық көмекті біз барлық санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, алуға тиіспіз. Қашықтан медициналық қызмет көрсету бүгінгі күні науқастың өзі мен айналасындағылар үшін ең қауіпсіз саналады. Осыған орай, қаламызда қашықтан медициналық көмек алу 1430.kz. порталы арқылы қолжетімді болады», – деді қала басшысы.

Қала әкімінің айтуынша, аталған сервис арқылы қаланың, ауданның, шалғай мекеннің әрбір тұрғыны үйден шықпай-ақ медициналық көмекке жүгінуге мүмкіндік алады.

5G-ДІҢ АУЫЛЫ АЛЫС ЕМЕС

Біз қалада интернет жылдамдығы жоғары болған жағдайда ғана цифрлық сауатымызды арттыра аламыз. Қала әкімі осыдан бірер апта бұрын жылдамдығы төмен аймақтарды интернетпен қамтуды тапсырған болатын.

Қаладағы шағынаудандарды жоғары сапалы интернетпен қамтамасыз ету жайын баяндаған цифрландыру басқармасы басшысының міндетін атқарушы Р.Ақжігітов қала аумағындағы 105 шағынаудан мен тұрғын алаптары интернет желісімен қамтамасыз етілгенін, оның ішінде мобильді интернетке – 74, сымды интернетке – 79, талшықты-оптикалық байланыс жүйесіне 49 шағынаудан қол жеткізгенін атап өтті.

Оның айтуынша, бүгінде интернет желісіне қатынау мүмкіндігі бар үй шаруашылықтарының үлесі 90,7 пайызды құраған. Оның ішінде 98,5 пайызы мобильді кең жолақты байланысқа, ал 21,8 пайызы сымды кең жолақты байланысқа қосылған. Ал интернет желісін пайдаланушылар үлесі 80 пайызды, тіркелген интернет абоненттерінің саны 75,5 пайызды құрайды екен.

Сала мамандары байланыс операторлары тұрғындардың денсаулыққа зиян келтіреді деген шағымдарының әсерінен бірнеше шағынаудандарда базалық стансалар алынып тасталғанын айтып, базалық стансаларды орнатуға арнайы жердің қарастырылмағанын жеткізді.

Осы ретте, қала әкімі жылдамдығы төмен аймақтарды 100 пайыз жылдамдығы жоғары интернет желісімен қамтамасыз етуді тапсырған-ды.

«Қаланың әрбір тұрғыны сапалы интернетке қол жеткізуі керек. Қазір мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі интернет арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан сапасы төмен елді мекендерге көңіл бөліп, 5G жылдам интернет желісін қолға алуымыз керек», – деді М.Әйтенов.

Қаладағы кейбір шағынаудандарда 5G тұрмақ, 4G желісінің сапасы төмен екенін айтқан шаһар басшысы Шымкент қаласын жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз ету үшін стратегиялық жоспар құрып, 5G технологиясына өтуді жүктеді. Сонымен қатар, әкім салалық басқармаға ұялы байланыстың базалық стансалары мен қажетті жабдықтарды орнатуға тиісті жер учаскесін бөлу бойынша нақты тапсырмалар берді.

Осы орайда қаланы сапалы интернетпен қамтамасыз етудің 2020-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары жасалуда.

Цифрландыру басқармасы басшысының міндетін атқарушы Р.Ақжігітовтің айтуынша, базалық станса орнату үшін қала аумағынан 11 жер телімі анықталып, Google maps картасында белгіленген. Олар Н.Назарбаев даңғылы, Арғынбеков пен Айша бибі көшесінде, Қайтпас, Шымсити-Асар қиылысы, Қайнарбұлақ шағынауданы, Асар шағынауданындағы ішкі айналма жолы, Шымкент-Алматы тас жолынан Достық шағынауданы бағытына қарай, Төлеметов-Өтегенов көшелерінің қиылысына қойылады деп жоспарлануда.

Стратегиялық жоспарда қаланы интернетпен қамту мәселесі бойынша зерделеу жұмыстарын жүргізетін жұмысшы топ құру, тұрғындарды сапалы интернетпен қамтамасыз ету үшін байланыс операторларымен меморандум жасау, «Ақылды күнбағыс» ақпараттық-танымдық кешенінің қызметін күшейту және санын арттыру, орнатылған базалық стансалардың адам өміріне қауіпсіздігі жөнінде тұрғындар арасында кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қаралған.

Айта кетейік, «Ақылды қала» эталондық стандартына сәйкес, Шымкентте «Ақылды күнбағыс» ақпараттық-танымдық жүйесі іске қосылды. Аталған жүйе саябақтар мен қоғамдық орындарда тұрғындардың телефондарын қуаттап, жалпыға қолжетімді Wi-Fi пайдалануына мүмкіндік береді. Құрылғы күн көзінен қуат алатын панельдер мен аккумуляторлар арқылы жұмыс істейді.

«Ақылды күнбағыс» кешені қалада 20 жерге орнатылды. Олар: Тәуелсіздік саябағы – 6, Орталық саябақ – 3, Металлург саябағы – 3, Жеңіс саябағы – 3, Дендро саябағы – 3, Қошқар ата – 2.

«Ақылды күнбағыс» күн панельдері арқылы аккумуляторға қуат жинайды. Жиналған қуат ұялы телефондарды, планшеттерді қуаттауға, жарықтандыру шамдарын жағуға, танымдық кешен құрылғысын іске қосуға жұмсалады.

Сонымен бірге Wi-Fi желісін тегін тарату мүмкіндігі бар. Құпия сөз (пароль) ретінде ретінде көрнекті ақын Абай Құнанбаевтың туған жылы мен 2020 жылы атап өтілетін мерей тойын қатар жазу арқылы Wi-Fi желісіне қол жеткізуге болады.

Қала тұрғындары мен қонақтары арнайы «Ақпараттық қызмет көрсету» қосымшасы арқылы қаламыздағы көрікті жерлер, сәулет нысандары, саябақтар, тамақтану орындары және ойын-сауық кешендері туралы қазақ, орыс және ағылшын тілінде мәлімет алып, олардың орналасқан нүктесін картадан тауып алуына болады.

«Ақпараттық қызмет көрсету» қосымшасына қазақ тіліндегі фильмдер мен ән-күйлер жинақталған.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

NARYQ
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

Жоба

Мұнай-газ өндірісінде геологиялық барлаудың маңызы айрықша. Отандық геологтар соңғы жылдары осы салаға айтарлықтай көңіл бөліп, жаңа кеніштерді ашу қажеттігін айтып жүр. Еліміздегі базбір кеніштердің байырғы екенін ескерсек, геологтардың ұсынысы көкейкесті екені түсінікті. Қазіргі экономикалық дағдарысқа қарамастан, «ҚазМұнайГаз» (ҚМГ) ұлттық компаниясы геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыруда. Ақпарат құралдарында жарияланған деректер негізінде біз осы салаға сараптама жасап көрдік.

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ – МҰНАЙ ӨНДІРІСІНІҢ ӨЗЕГІ

Биылғы маусым айында «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы жаңа мұнай кенішінің ашылғаны жайында хабарлады. Маңғыстау облысындағы Шығыс Бектұрлы барлау блогында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу барысында бұрқақты мұнай ағыны алынды. Отандық мұнай-газ саласы үшін бұл жақсы жаңалық.

Шығыс Бектұрлы барлау блогы Маңғыстау өңіріндегі Оңтүстік Жетібай, Өзен және Қарамандыбас сияқты кен орындары маңайында орналасқан. Ондағы барлау жұмысымен ҚМГ-ның еншілес «Becturly Energy Operating» ЖШС компаниясы айналысады. Жаңа кен орнының ашылуына ҚМГ, КМГ-Инжиниринг және PGS-Kazakhstan геологтары мен геофизиктері үлес қосты. Барлау жұмысы 2015 жылы басталды.

Шығыс Бектұрлы блогының әлеуеті қандай деген сауалға келсек, 2017 жылы PGS-Kazakhstan компаниясы мұндағы қорға геологиялық тұрғыдан бағалау жүргізді. Сол кезде өндірілетін мұнайдың болжамды қоры 14 млн тонна екені анықталды. БВ-1 ұңғымасында іздеу-барлау сынағы аяқталған соң толық бағалау жүргізіледі.

Айта кету керек, жаңа кен орнының табылуына ҚМГ, ҚМГ-Инжиниринг, PGS-Kazakhstan және «Becturly Energy Operating» ЖШС компанияларының жетекші мамандары атсалысты. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, әркім өз міндетін мұқият атқарды. Сол арқылы ҚМГ мен бүкіл еліміздің ресурстық әлеуетін арттыру ісіне зор үлес қосты. Жетістіктің тағы бір кілті ретінде жобаны басқаруда кіріктірілген жүйені қолданылғанын айтқан жөн. Оның мәнісі геологиялық барлау және онымен байланысты жұмыс процесіне қатарлас, жылдам әрі құрылымдық көзқарасты ұстану дегенді білдіреді. Жалпы осындай қадам өткен жылы компанияның елеулі табысқа жетуіне септігін тигізді. Атап айтқанда, былтыр атқарылған жұмыстың нәтижесінде қорды толықтыру коэффициенті *(ҚТК)* 162 пайызды құрады.

Оператор-компанияның акциялары түгелімен ҚМГ-ға тиесілі емес. Мұны «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының өндіру және барлау жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев отандық ақпарат құралына берген сұхбатында былай түсіндіреді: «Геологиялық барлау тәуекелі көп бизнес болып табылады. ҚМГ компаниясы сияқты экономикалық тұрғыдан рентабельді болып табылатын қорды табу қазіргі кезде сирек кездесетін құбылыс. Сондықтан компания тәуекелді бөлісу үшін геологиялық барлау жобаларында сағу-қаржыландыру қағидасын ұстанады. Ол бойынша барланатын аумақтағы стратегиялық серіктестік жобаны қаржыландырады және кеніштi игеру барысында өз шығынын қайтарып алады. Мұндай жағдайда ҚМГ-ның тәуекелі азайып, компания қаржысын сақтап қалады. Барлау жұмыстарына отандық инвесторлармен қатар, «Лукойл», Eni, Газпром, Роснефть сияқты халықаралық мұнай-газ компаниялары тартылады».

Шығыс Бектұрлы жобасы бойынша қазірге дейін біраз шаруа атқарылды. Таяу арада БВ-1 ұңғымасы арқылы белгіленген барлық нысандарда сынақ процесі аяқталады. Алынған мағлұматтың нәтижесі бойынша блоктағы геологиялық ресурстар қайта бағалануы тиіс. Келесі жылы БВ-2 ұңғымасында іздеу-барлау мақсатында бұрғылау жүргізу және ескі ұңғымаларды қайта ашу жоспарланған.

Экономиканың барлық секторлары сияқты, мұнай нарығындағы геологиялық барлау жобаларының іске асуына дағдарыс салқынын тигізіп отыр. «Қара алтын» бағасының құлдырауы әлемдік нарықтағы ірі компанияларға жайсыз тиді. Дағдарыс ұлттық компанияны да айналып өтпеді. Сол себепті өзге құрылымдармен қатар, геологиялық барлауға жұмсалатын шығынды азайту қарастырылып жатыр. Осы орайда ұлттық компания барлау жобаларына олардың тартымдылығы және экономикалық тиімділігіне қарай басымдық беруді жөн көреді. Кейбір жобалар жағдай тұрақталғанша шегеріле тұрады. Геологиялық, экономикалық, технологиялық және тағы басқа ерекшеліктері бойынша тәуекел мен көп шығынды талап ететін жобаларды іріктеу жұмыстары жүргізілді. Әйтсе де, ұлттық компания басшылығы қорды толтыру үшін геологиялық барлау жұмыстарын жалғастырудың маңызын жақсы біледі. Өйткені геологиялық барлаудан «шаршаған» кейбір компаниялар өздерінің ұзақ мерзімді мұнай өндірісіне күмәнмен қарайды. Ал ҚМГ үшін геологиялық барлау есебінен ресурс базасын ұлғайту стратегиялық жағынан маңызды міндет болып табылады. Бұған қоса, кез келген мұнай-газ компаниясындағы қорды толықтыру көрсеткіші оның жұмысының тиімділігін бағалауда басты негіз болып саналады. Бұл, әсіресе, халықаралық құнды қағаз нарығына шыққан кезде керек.

Сөйтіп геологиялық барлау компанияның басты бағытының бірі болып қала береді. Қаржыландыруды қысқартуға қарамастан, жұмыс белсенді түрде жалғасады. ҚМГ-ның геологиялық барлау жобалары ауқымды. Алынған нәтижеге қарай, оның көлемін бассейн үлгісін қосқанда, ұлғайтуды көздейтін нақты жоспар бар. Айта кету керек, бассейн үлгісі мұнай және газ қорын іздестіруде қуатты құрал болып табылады. Бұл технологияны мұнай саласындағы ірі компаниялар ғана иеленген. Кез келген істе кездесетін қиындықтарды түгел еңсермесе де, тәуекелді азайтуға болады. Осы мақсатта сейсмологиялық барлау, гравибарлау, сейсмикалық деректерді өңдеу және талдау сияқты қосымша зерттеу жүргізіледі. Бұл бағытта стратегиялық серіктестермен бірлесіп өңірлік және жергілікті деңгейде зерттеу жүргізіледі, өзара мағлұмат алмасады. Соның нәтижесінде ықтимал серіктес компания ортақ жобаларды қаржыландыру жөнінде шешім қабылдайды. Бұл өз кезегінде шетелдік инвестицияны ел экономикасына тартуға мүмкіндік береді. Осылайша ҚМГ мамандары бірлескен жобаларда әлемдік компаниялармен жұмыс істеудің теңдессіз тәжірибесіне және заманауи технологияларға қол жеткізеді.

Фото: kapital.kz

Талап ТІЛЕГЕН

Құжат

Азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру мақсатында ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 50-ден астам бабына түзетулер енгізілді.

«НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ» КОДЕКСТЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін азаматтық хал актілерін тіркеудің, қайталама куәліктер мен анықтамалар берудің барлық түрлерінің экстерриториалдық қағидаты енгізілді. Бұл туу туралы куәлікті қайтадан алған кезде өтініш берушінің қай жерде туылғанына қарамастан, кез келген тіркеуші органнан алуға болатынын білдіреді. Мысалы, Атырауда дүниеге келсе де, енді Алматыдан ала алады.

Ата-аналардың таңдауы бойынша баланың тууын проактивті түрде, яғни смс-хабарлама арқылы тіркеуге болады.

Баланың тууын тіркеуде анасында жеке басын куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда да туу туралы куәлік беру мүмкіндігі көзделген. Осылайша, дүниеге келген сәбиге лезде азаматтық беру мәселесі шешіледі.

Сызықша арқылы қос атаулар мен әкесінің атын қою мүмкіндігі де қарастырылды. Мысалы, әкесінің есімі Әли-Асқар болса, Әли-Асқарұлы немесе Али-Аскарович деп беруге болады.

Бала асырап алу, әке болуды анықтау және сот шешімі бойынша некені бұзу сияқты азаматтық хал актілерін тіркеудің түрлері автоматтандыруға байланысты алынып тасталды. Енді 2 куәліктің орнына *(бала асырап алу немесе әке болуды анықтау және туу туралы куәлік)* тіркеуші орган баланың жеке деректерін және оның ата-анасы туралы деректерді қамтитын баланың туу туралы бір ғана куәлігін береді.

Сот шешімі негізінде некені бұзуды тіркеу рәсімі автоматтандырылды. Бұл мәліметтер Әділет министрлігінің ақпараттық жүйесіне автоматты түрде келіп түседі, ал неке қию туралы акт жазбасына оны бұзу туралы белгі қойылады.

Тіркеуші орган мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен *(сот шешімі, медициналық куәлік, ҚР тіркелген акт жазбалары туралы мәліметтер және т.б.)* ала алатын құжаттарды азаматтардың ұсыну қажеттілігі жойылды.

Жоғарыда көрсетілген барлық өзгертулер азаматтардың уақытын үнемдеп, қаржы шығынын қысқартуға, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесін цифрлық форматқа ауыстыруға мүмкіндік береді.

Виктория ОСТАПЕНКО,
Алматы қаласы
Алмалы ауданының
әкім аппараты
АХАТ бөлімінің басшысы

АЙМАҚТАР БОЙЫНША ҚОЙ БАҒАСЫ. 2020 ЖЫЛ

Қала	Баға, мың теңге	Орташа баға
Көкшетау	30-40	35
Петропавл	30-40	35
Ақтау	35-40	37,5
Павлодар	30-45	37,5
Орал	35-40	37,5
Өскемен	35-40	37,5
Атырау	35-45	40
Қостанай	35-45	40
Семей	40-45	42,5
Қызылорда	40-45	42,5
Қарағанды	35-55	45
Талдықорған	40-50	45
Тараз	40-60	50
Ақтөбе	40-60	50
Нұр-Сұлтан	40-65	52,5
Шымкент	45-80	62,5
Алматы	45-90	67,5

Инфографика: aikyn.kz

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Кәсібің-нәсібің

Біз әдетте белгілі бір кәсіп ашу үшін мол қаржы керек деп ойлаймыз. Көп істі үкіметтің көмегіне сүйеніп тындырғымыз келеді. Әлемдегі ең бай адамдардың тізіміне енгендердің өзі алғашқы қадамын кішігірім нәрседен бастағанын ескермейміз. Біздіңше, «Тиыннан теңге құралатынын» жадына мықтап тоқыған адамдардан үлгі алуымыз керек. Ондайлар көп арамызда.

Бүгінгі кейіпкеріміз Талдықорған қаласының Еркін ауылында тұратын Кенжебай Досымбеков жиырма жыл бойы бір ғана тауар – адамдар күнделікті тұтынатын шұлық сатумен айналысты. Сол еңбегінен берекет те тапты.

ШҰЛЫҚ САТУШЫ

Jas qazaq: Кейбіреу «шұлық сатушы» десе, шамдана қалады. Ал өзің кәсіп жолын сол қарапайым саудадан бастаған екенсің...

К.Досымбеков: Әрине, әрекет бар жерде берекет қашық емес. Қашаннан да солай. Дегенмен нарықтық қатынас барысында күнбе-күн ізденіп, еселі еңбек етпейінше, табысқа жете алмасың анық. Байқай білгенге, расында, қазір де жұмыстың көзі көп. Бейнет ете жүріп, дәулетін арттырудың жолы да сан тарау. Тек шыдамдылықпен ерінбей жұмыс істей білгеннің, бірге бірді жаңылыспай қоса алғанның бәсі артық. Мейлі, үлкен кәсіппен айналыс, шағын саудамен шұғылдан, ең алдымен, қолға алған жұмысыңнан ләззат алу керек. Сондай-ақ тәкаппарлықтан аулақ болған жөн. Біздің ұлттың ең үлкен кемшілігі – тәкаппарлық. Біреулер шұлық сатуды ар санайды. Бірақ ұзын күнді қиялмен өткізгенді ұят деп білмейді. Меніңше, адалдықпен ас тапса, соның өзі жетістік.

Jas qazaq: Нарық заманында адалдықпен ас табу деген қиын емес пе?

К.Досымбеков: Қандай дәуірде де оңай дүние болған емес. Біздің жастық шағымыз Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиын кезге тұспа-тұс келді. 1990 жылы әскери борышты өтеп, ауылға оралғанда тұралап тұрған тіршілікке тап келдік. Кезінде мыңғырған мал өсірген ауыл тұрғындарының күні азын-аулақ қой-ешкіге қарап қалды. Осындай тіршілігі сұрқай ауылда менің де бес жыл уақытым мәнсіз істермен өтті. Ақыры аядай ауыл тарлық еткен соң, ақырындап жан-жаққа көше бастадық. Сол қатарда мен де жалғыз сөмкемді арқалап Алматыға жол тарттым. Бірақ алып шаһардағы таңдаған жолымыз әр түрлі болды. Арамдықпен бірден байып шыға келгісі келген талай қатарласымыз күйіп кетті. Адалдықпен еңбек етіп, аянбай тер төккендер бірдің басын біріне қосып жүріп, бүгінгі күнге жеттік.

Jas qazaq: Ол тұста Алматыға барғандар алдымен барахолканың «мектебінен» өтті деп естуші едік?

К.Досымбеков: Мен де сол «мектептен» өттім. Алматының қайнаған ортасы барахолкада жүк тасушы болып бастадым. Жүк тасушы болып тапқан табысым пәтер мен тамақтан аспайтын. Алайда соның өзі келешек арманымды орындауға мүмкіндік берді. Сауда деген құпиясы көп ғылымды сол ортадан үйрендім. Адалдық болған жерде ғана саудадан болашақ табатынын, арамдық араласқан қандай ауқымды бизнестің де күйреп тынатынын өз көзіммен көре жүріп, терең сезіндім.

Jas qazaq: Шұлық сатуды сол жерден бастадыңыз ба?

К.Досымбеков: Жоқ, барахолканың «мектебін» бітірген соң, азық-түлік өнімдерін өндіретін шағын кәсіпорынға жұмысқа тұрдым. Бір күні күнде киіле берген шұлығым тозып, өкшем жылтындап жүргенін көріп, бірге жұмыс істейтін Зуһра атты қыз жаңа шұлық сатып әкеліп берді. Сол күні кешке асқа бірге барып, қайтқанша шұлық туралы әңгіме айттық. Сонымен, көп өтпей оның тегі Досымбекова болып өзгерді. «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген де рас екен. Дегенмен қанша үнемдесек те, жиған-терген қаржымыз пәтер ақысынан аспай қойды. Алматыдан үй сатып алуға әліміз жетпейді. Ақыры ақылдаса келе, 2000 жылы Талдықорғанға қоныстануды шештік.

Jas qazaq: Ол кезде Талдықорғанның да жағдайы мәз емес еді ғой?

К.Досымбеков: Қашанда дағдарыс болған жерде мүмкіндік болады. Онсыз да жұмыс табылмайтын қаладан тіршілік көзін табу оңай болған жоқ. Бір күні Алматыдағы бір танысым Семейге бара жатып, бізге қонаққа келді. Аттанарда көлік толы шұлығынан бір қабын бізге тастап кетті. Ертесі оны арқалап шығып, бүгінгі Қарағаш базарының алдындағы ашық жерде сатқаным есімнен кетпейді.

Jas qazaq: Алғашқы күні қанша шұлық саттыңыз?

К.Досымбеков: Шамасы 10 жұп шұлық сатқан шығармын.

Jas qazaq: Бүгін ше, бүгін қанша шұлық сатасыз?

К.Досымбеков: Нақты санын айта алмаймын. Бірақ қаладағы және ауылдағы дүкеннен адам аяғы үзілмейді.

Jas qazaq: Алғашында бұл ісіңе күмәнмен қарағандар болған жоқ па? Расында, былай қарағанда бір ғана тауардан көп ақша табуға болмайтын сияқты ғой.

К.Досымбеков: Біз кезінде төрт түліктің жайын жақсы білгенімізбен, сауда жасаудың қыры мен сырын толық түсіне қоймадық. Еліміз нарықтық экономикаға көшкен кезде бұл жолға түсуге мәжбүр болдық. Алайда басында көп адам сауда жасау үшін көп ақша, үлкен бизнес болуы керек деп есептеді де, көзін жұмып бірден тәуекелге бел буды. Көп замандас соның салдарынан несиеге ұрынып, қолда барын жоғалтып алды. Мен әу бастан кішігірім саудадан ұтылсаң да, көп шығын көрмейсің деп қана ойлайтынмын. Алайда сауданың үлкені болсын, кішісі болсын, бәрінің қиындығы мен құпиясының бірдей болатынын жүре келе ұғындым. Ең алдымен, адалдық, одан кейін тұтынушының сұранысын сезіну қажет. Өзің жасаған ортадағы адамдардың қалауын түсінсең, тиыннан доллар жасауға болады екен. Бастапқыда қаланың әр бұрышындағы адам жиі жүретін орында ала дорбаны арқалап, шұлық саттым. Бірте-бірте қаржы көбейіп, көкбазардан кішігірім дүңгіршекті жалға алдым. Тұтынушының көңілін таба білгендіктен, сауданың көлемі де өсе берді. Үнемдеген қаржыға «Мазда» көлігін сатып алып, демалыс күндері ауылдарды аралап сауда жасадым. Ауылдағы жұмыссыз жүрген бауырларымды әкеліп, қаланың әр тұсынан сауда нүктесін ашып бердім. Сөйтіп оларды да саудаға бейімдедім.

Jas qazaq: Бәріңіз бір үйде тұрдыңыздар ма?

К.Досымбеков: «Көңіл сыйса, бәрі сыяды» деген рас екен. Талдықорғанға көшіп келгенде қолда бар қаржыммен аядай ғана екі бөлмелі үй сатып алған едім. Сол үйде 7-8 адам тұрған кезіміз болды. Айдана, Әйгерім деген екі қызымыз дүниеге келді. Қазір сол бауырларымыздың бірі көрші ауданда, енді бірі өз ауылында шұлық сатып жүр. Былай қарағанда, шұлық бір ғана зат. Бірақ адамдардың талғамы әр түрлі. Жүре келе әр адам, әр ауыл, әр өңір тұрғындарының осы бір қарапайым тауарға деген талғамының түрліше екенін түсіндік. Сондықтан сол ортаға үйлесетін тауарларды жеткізіп отырғандықтан, тауардың сапасы жоғары, бағасы қолжетімді болғандықтан, тұтынушылардың қолдауына ие болдық. Егер түрлі тауарларды сатумен айналыссақ, мүмкін, тұтынушының талғамын бүгінгідей сезінбес те едік.

Jas qazaq: Әлі де сол үйде тұрасыздар ма?

К.Досымбеков: Жоқ, келе-келе жағдайымыз жақсарды. Сол екі бөлмелі үйдің жанынан үлкен үй тұрғыздық. Оған бауырларым да қолғабыс етті. Ауылдағы анам мен кенже інімді қолыма алдым. Анам қайтыс болғанша он жыл бізбен бірге тұрды. Інімді үйлендіріп, бөлек шығардым. Осы үйде Назарбай, Нұрғалым атты екі ұлым дүниеге келді.

Jas qazaq: Қазір де шұлық сатасыз ба?

К.Досымбеков: Жоқ, қаладағы шұлық сататын екі дүкеннің жұмысын әйелім Зуһра мен қыздарым қолға алды. Ауылдағы дүкендерді бауырларым жүргізіп жатыр. Орта мектептің жоғары сыныбында оқитын Айдана мен Әйгерім демалыс күндері, жазғы каникул уақытында шешелеріне көмектесіп, шұлық саудасымен айналысады. Сауданың қыры мен сырын олар да үйреніп жүр.

Jas qazaq: Өзіңіз немен айналысасыз?

К.Досымбеков: Кейінгі жылдары «Досымбеков» шаруа қожалығын құрып, бұрынғы Жоламан ауылындағы әкемнен қалған меншік жерді игеріп, мал шаруашылығымен айналыса бастадым. Қаланың іргесіндегі Еркін ауылындағы үйден мал бордақылау алаңын құрып, ет саудасын қолға алдым. Осындайда Абай атамыздың: «Шырылдауық шегіртке, ыршып жүріп ән салған. Көгалды қуып гөлайттап, қызықпен жүріп жазды алған» деген өлеңі оралады. Шынымен, бүгінде әр шөптің басын бір шалып жүрген, тапқан дәненесі жоқ адамдар көп. Мол қаржымен лезде байып шыға келуді армандайтындар қаншама?

Жиырма жыл осы бір ғана шұлық саудасымен айналысу отбасымды қаржылық тығырықтан алып шығуға сеп болды. Оның үстіне, қазір бұл сауда біздің отбасылық меншікті жұмысымызға айналды. Балалар да қолы бос уақытында неше түрлі шұлық тоқып, өнерге бейімделе бастады. Барған сайын сұраныс та көбейіп келеді. Мүмкін болса, алдағы уақытта шұлық тоқитын арнайы цех ашып, оны отбасылық кәсіпке айналдырып, балаларыма үйретсем деген ойдамын.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Бейнет түбі – зейнет

Көзге көрінбейтін кесел көп адамның күнкөрісіне әсер етті. Карантин кезінде үйде қаңтарылып, мемлекеттің жәрдемақысына қарап қалғандар аз емес. Кейбіреу қол қусырып отырмай, тырбанып тірлік еткенді жөн көреді. Біздің бүгінгі әңгімеміз солар туралы.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Еламан БАУЫРЖАНҰЛЫ:

«Саумал – мың дертке шипа»



Еламан Алматы облысына қарасты Қарасай ауданындағы жол бойында бие байлайтын қожалықта жұмыс істейді. Біз одан кәсібінің қыр сырымен, карантин кезіндегі жұмысы туралы әңгімелеп беруін өтінгенде, іркілмей әңгімесін бастап кетті: «Таңертең жылқыларды жайылымнан түсіріп, құлындарынан бөлеміз. Оларды азанғы сауынға дайындаймыз. Алғашқы сауын таңғы сегізде басталады. Қазір 15 бие сауып отырмын. Үш сағат сайын сауғанда, бір тәулікте биелер 5 рет сауылады. Тұтынушылар сағат түнгі екіден бастап кезекке жазылады. Саумал барлығына бірдей жетуі үшін жарты литрден сатамыз. Саумалдың 1 литрі – 1000 теңге. Дертіне шипа іздеп келген жандар ертерек келіп, саумал ішеді».

Бие сауушы жігітпен тілдескен кезде, кезекке жазылып, қымыз сатып алып жатқандардың қарасы көп болды. Еламанның айтуынша, биыл келушілер саны 4 есе көбейген. Саумалға да, қымызға да сұраныс арта түскен. «Әсіресе, мына аты жаман кеселден қорғанғысы келіп, дертіне ем іздеп келушілер көп. Саумалдың пайдасы қандағы, іштегі зиянды заттардан тазалайды. Жылқы – киелі, тазалықты сүйетін жануар. Саумал – мың дертке шипа. Келушілер саумал ішіп, рахметін айтып, батасын береді. Олардың алғысын алған сайын марқайып қаламыз. Қымызды баптау мамыр айынан басталып, шөп құнары кетеді-ау деген күз айына дейін созылады. Бие көктемде құлындайды. Құлыны мамыр айына дейін жанында болады. Қымыздың құрамы жылқының жеген шөбіне байланысты. Біздің жылқылар бетеге шөбін жейді. Бетеге жеген жылқы қосымша жемшөп те сұрамайды. Осы жерде отбасыммен бірге жұмыс істеймін. Жылқы баптауды әкемнен үйрендім. Тараз өңірінің тумасымын. Адал нанымды тауып отырмын. Айлығым отбасыма жеткілікті, сондықтан қанша екенін нақты айтпай-ақ қояйын. Жылқыға бала кезден жақынмын. Әкемнен үйренгенімді өмірлік тәжірибемде қолданып жатқан жайым бар», – деп Еламан әңгімесін аяқтады.

Жанат ЕСЖАНОВ:

«Біздің жұмыс қателікті кешірмейді»

Қай кезде де қала тіршілігіне қажетті мамандықтың бірі – электрик. Алматыдағы мекеменің бірінде электромонтер болып жұмыс істейтін Жанат Есжанов өз кәсібі туралы былай деп әңгімелеп берді: «Көктемде карантин басталғанда бір ай жұмыссыз отырдым. Басшылық ақысыз демалысқа жіберді. Мемлекеттің 42 500 теңге көмегін алдым. Бір ай өткеннен кейін жұмысымыз қайта жанданды. Меніңше, қай мамандықтың да өз қауіп-қатері бар. Дегенмен электрик – аса қатерлі мамандықтың бірі саналады. Біз жоғарғы, төменгі кернеулі ток жүйесімен жұмыс істегендіктен, міндетті түрде техника қауіпсіздігіне көңіл бөлуіміз керек. Электр тогының иісі жоқ, шуы жоқ, қатердің қай жағынан келетінін бағамдау қиын. Осы мамандықты таңдағандардың арасында «электрик бір-ақ рет қателеседі» деген сөз бар. Сол үшін біз қателеспеуіміз керек. Демалыс күндері жеке адамдардың тапсырысымен айналысамын. Қазір жаңадан салынған үйлерге электр сымын жүргізу сияқты ұсақ-түйек тапсырыстар болса, қосымша табыс табамын».

Гүлім ӨМІРЗАҚҚЫЗЫ:

«Ас – адамның арқауы»

Тағамның дәмін келтіретін тұз десек те, оны тіл үйіретіндей етіп дайындап, алдыңа қоятын аспаз емес пе? Астың қадірін білу, дәмді тағам арқылы қуаныш сыйлаудың өзі бір керемет. Біздің келесі кейіпкеріміз Алматыдағы дәмхананың бірінде аспазшы болып жұмыс істейтін – Гүлім Өмірзаққызы. Гүлімді әңгімеге тартып, оның тіршілігіне карантиннің қалай әсер еткені жайлы сұрадық. Аспазшы келіншек әңгіме тиегін былай ағытты: «Карантинге дейін Алматыдағы білім ордасының бірінде жұмыс істедім. Мен жұмыс істейтін мекеме жабылып, наурыз айының соңында жұмыссыз қалдым. Қоғамдық тамақтану орындарының біразы жабылғанымен, тапсырысқа тамақ дайындайтын шағын кафелер жұмыс істеді ғой. Солардың бірінен табылар деп хабарландыру қарадым. Ақыры карантин кезінде жұмыс таптым. Бастапқыда Алматыдағы индустриялық аймақта жаңа емхана салған 700-ден астам құрылысшыға күнделікті түскі ас дайындадық. Бірақ бұл уақытша жұмыс еді. Қазір қаладағы дәмхананың бірінде жұмыс істеймін. Бізге айлық күнбе-күн төленеді. Дәмханада 5 адам жұмыс істейтінбіз. Екінші мәрте жарияланған карантинге байланысты екі адам ғана қалдық. Қазір жұмыс көлемі бұрынғыдан екі есе азайды. Тұтынушылар тамақты өзімен алып кетеді. Ас – адамның арқауы. Кеселге төтеп беру үшін дұрыс тамақтану керек. Өзім дайындаған астың құнарлы болып, тұтынушылардың көңілінен шығуы үшін барымды саламын. Аспаз болуды армандамасам да, кішкентай кезімнен тамақ пісіруге қызығып өстім».

* * *

Қиындықтан қашпайтын, тұрмыс тауқыметіне мойымайтын мұндай адамдар көп арамызда. Құрметке лайық нағыз еңбек адамы.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Театр – драматург, артист, режиссер, жарық түсіруші, костюмер, гример, суретші, дыбыстаушы, театрдың көркемдік жетекшісі, әдебиет бөлімінің меңгерушісі бас қосқан мәдени ошақ, ұлт ұстыны, алтын діңгек. Санасақ, елімізде елуден аса театр бар екен. Әрбірінің бағыт-бағдары, алға қойған мақсаты, ұстанымы – айқын. Бұлар миллаттың мәдени-рухани кеңістігін толтыруға зор үлес қосып жүр.

ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ БЕТАЛЫСЫ

Бір жылдары Қазақстанның Халық әртісі Тұңғышбай Жаманқұлов: «Қазір театрлардың қаржылық, әсіресе шығармашылық мәселелерін бір орталықтан реттеп отыру қажеттігі туындап отыр. Сондықтан облыстардағы театрлардың барлығын да Мәдениет министрлігінің құзырына көшірген дұрыс. Облыс әкімдігінің осынау өнер ұжымдарына жасап отырған қаржылық, әлеуметтік қолғабыстарын да сол күйі қалдырған абзал. Сонда шалғайдағы театрлар екі жақтың да қарауында болып, ол жаққа барған режиссерлер, басқа мамандар да шетте елеусіз қаламыз деген үрейден ада болып, орталықтардағы театрлардан еш кем еместігінен өрелі өнер жасауға бейілі арта түскен болар еді. Республика театрларының барлығын жеке-жеке бөлшектемей, кәсіби тұрғыда өз мәселесін өзі шешетіндей етіп ортақ министрлікке біріктіру қажет. Ол үшін Мәдениет министрлігі жанынан бөлек департамент я болмаса «Қазақстан театрлары» деген сияқты агенттік құру кезек күттірмейтін мәселе» деген ұтқыр ұсыныс айтқан болатын. Расында да, бүгіндері қазақ театрына үлкен қолдау керек. Әсіресе, өңір-өңірдегі, шалғайдағы театрларға.

Әр дәуірдің өз идеалы болады. Қазақ елі өзін шетелде танытып, өзгеден үйренгісі келеді. Жаңа бір саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік, тарихи, рухани серпіліс қажет екені анық. Театр өнері адам баласының адамгершілік, ұлтшылдық пен құндылықтар жүйесін қалыптаудағы орны ерекше. Мысалы, қасиетті қарашаңырақ – М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрындағы «Алмас қылыш» *(инс: Ә.Бағдат, реж: А.Кәкішева),* «Томирис», «Қорқыттың көрі», «Қазақтар», «Бейбарыс сұлтан», «Қилы заман»,«Ай мен Айша» *(авт: Шерхан Мұртаза, инс: Е.Жуасбек, реж: Т.Әл-Тарази),* «Қоштасқым келмейді...» *(авт: А.Володин, реж. А.Маемиров),* Елордадағы Жастар театрының «Моцарт» мюзиклі *(реж: Н.Жақыпбай),* Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрындағы «Шие»комедиясы *(реж: Сергей Потапов),* Алматы мемлекеттік қуыршақ театрындағы «Ана – Жер-Ана» *(авт: Шыңғыс Айтматов, реж: Дина Жұмабай),* «Медея» *(авт: Еврипид, реж: Айдын Салбан),* «Мен бір жұмбақ адаммын... Абай» *(реж: А. Зайцев),* Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театрында қойылған «Офис» *(авт: И.Лаузунд, реж. Ф.Қанафин),* Маңғыстау облыстық Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрында сахналанған «Калигула» *(авт: А. Камю, реж: Г.Мерғалиева),* Ж.Аймауытов атындағы қазақ музыкалық драма театрындағы «Король Лир» *(авт: У.Шекспир, реж: Ә.Ақан),* «Венециялық егіздер» *(авт: К.Гольдони, реж: Б.Шамбетов),* «The Last MAMONT» *(авт: А.Ихсан, реж: Д.Базарқұлов),* Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрындағы «Шыңырау» *(авт: М.Горький, ауд: Е.Оспанов, реж: Д.Базарқұлов),* «Ол» *(авт: Е.Аманшаев, реж: Е.Кәрібай)* т.б. спектакльдер көрермен көзайымына айналды.

Ең қуантатыны – қазақ театрларының халықаралық байқауларға көптеп қатысып, орын ала бастауы. Мәселен, «Бейбарыс сұлтан» драмасы Түркияның Кония шаһарында өткен фестивальде «Ең үздік спектакль» атанды. «Қорқыттың көрі» Қазандағы атақты «Наурыз» фестивалінде көрсетіліп, сыншылардың жоғары бағасын алса, Беларусьтегі «Белая Вежа» Халықаралық театр бәйгесінде «Бейбарыс сұлтан» ағылшын тілінде ойналды. Ал Алматы Мемлекеттік қуыршақтар театры Халықаралық IB байқауына қатысқан Үндістан, Греция, Германия, Түркіменстан, Гүржістан театрларын басып озып, режиссер К.Адылов сахналауындағы «Каштанка» қойылымы *(авт: А.Чехов)* Гран-При иеленсе, «Қас-қағым» метафизикалық трагедиясы *(авт: Ж.Ерғалиев, реж: Е.Нұрсұлтан)* Қырғызстанның «Арт-Ордо» халықаралық фестивалінде Бас жүлде алды, Мәскеудегі дәстүрлі «Подмосковные вечера» атты Халықаралық театр додасында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театр актері Азамат Сатыбалдының «28 THEATRE» неміс драматургы Георг Бюхнердің «Войцек» *(реж: Д.Жұмабай)* спектаклімен қатысып, «Ең үздік актерлік ансамбль» аталымы бойынша Бас жүлде қанжығалады, Челябинсктегі Ресей Федерациясының халық әртісі В.Милосердов атындағы VIII халықаралық жеке актерлік жұмыстардың байқауында Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрының актрисасы Бақыт Жұмағұлова Шыңғыс Айтматовтың «Ана – Жер-Ана» трагедиясында «Ана мен ала» деген атаумен сахналанған қойылымда ойдағыдай ойнап шықты. Моноспектакльдің қоюшы-режиссері Абай атындағы Семей драма театрының режиссері Айдын Салбан. Сол фестивальде аталмыш ұжым «Ең үздік әйел рөлі», «Ең үздік спекталь» номинациясы бойынша жеңімпаз болды. Жуырда Салават Башқұрт театрында Барзу Абдураззаковтың «Сәлем мама, бұл мен» драмасы көрерменге жол тартты. Режиссері талантты жас – Айдын Салбан. Бұл қазақ театр тарихындағы онлайн жүйесінде жүзеге асқан алғашқы қойылым. Бұдан бөлек, «Театр көктемі», «Еңлікгүл», «Алтын сақа» бәйгелері тың бастамаларға негіз боп, сол арқылы қазақ жұрты жаңа есімдермен қанығып, тасадағы таланттарды танып жатыр. Келешекте осынау байқаулар халықаралық статусқа ие болып, алыс-жақын шетелден келген өнер ордалары бақ сынап, сонда қазақ театры өз күш-қуатын толықтай көрсетеді деген ойдамыз.

Соңғы кездері «жаңа драма» *(«новая драма»)* дегенді жиі-жиі естіп жүрміз. Ол Ресейде, XX ғасырдың аяғында, XXI ғасырдың басында ретін тауып қарқынды дами бастады. Айталық, М.Угаров, О.Михайлова, Е.Гремина, А,Образцов, О.Богаев, О.Мухина, С.Носов, О,Юрьев, М.Курочкин, Е.Гришковец, К.Драгунская, В.Сигарев, ағайынды Пресняковтар *(Владимир мен Олег),* И.Вырыпаев, ағайынды Дурненковтар *(Вячеслав пен Михаил),* В.Забалуев, А.Зензинов, Е.Нарши, В.Леванов, Н.Громова, И.Исаева, И.Савельев, А.Найденов, В.Ляпин, Н.Ворожбит, А.Вартанов, В.Тетерин, А.Валов, Ю.Клавдиев секілді драмашылар өнімді еңбек етіп жүргені белгілі. Қазақ театры сол бұрқ-сарқ қайнаған жаһандық процесске етене араласып, үйреніп те жүрген жайы бар. Демек, драматургия трансформацияға ұшыраса, онда режиссура да, актерлік шеберлік те, сценография да жаңаша болуға тиіс. Қазақ драматургиясы Нұрайна Сәтбаева, Айнұр Кәрім, Михаил Земсков, Абылай Мауданов, Тоқтарәлі Таңжарық, Ольга Малышева, Әннас Бағдат, Қолғанат Мұрат, Ықылас Шалғынбай, Айдана Аламан, Айдын Салбан, Әділхан Асанов, Мейіржан Әлібекұлы, Жәнібек Әлікен, Әлішер Айтуар, Мерей Қосын секілді жастармен толықты. Мәскеуде тұратын қазақ драматургы, сценарист, педагог Олжас Жанайдаров талапты жасқа жыл сайын 2 айға созылатын арнайы лекция оқып жүр. Бұл – Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы мен Қазақстан Театр қайраткерлері одағының бірлескен жобасы.

Осы бастама жан-жақтағы жазуға бейім жас драмашылардың өсуіне, дамуына үлкен септігін тигізіп жүр.

Қазірде қойылымды қабылдау да, оны қорыту да – басқаша, бұрынғыдай емес. Кезіндегі «жақсы» немесе «жаман» жіктелімі келмеске кетті, мұндай түсінік – ескінің сарқыншағы. Осыған орай театр сыншысы Меруерт Жақсылықова мынадай ой айтады: «Әзірше, Қазақстанда өз «жаңа драмасын», қазіргі кезең театрын тудыратын, жас таланттардың басын біріктіріп, шығармашылық ойларын жүзеге асыратын орталықтар жоқ. Мәселен, жас маман қолына диплом тие сала театрға барғанымен дәстүрлі спектакльдерге қатысуға құлқы бола бермейді. Өз бетінше ізденіс жасағысы келеді. Бірақ қалыпты көзқарасы қалыптасқан ұжым мүшелері оны баласынып, сенімсіздік білдіреді. Кей кездері жастар қателесуден ұялып, өздері де тартыншақтап, жатырқап, аяғында ізденіске деген құлшынысы суып, дәстүрлі театрдың ежелгі шырмауына түскенін аңғармай қалады. Сөйтіп, ертегілерді қоюмен, ойнаумен ғана шектелетінін талай байқап жүрміз. Өкінішке қарай, елімізде режиссерлік-актерлік шеберлікті шыңдайтын, тәжірибенің алуан түрін жүзеге асыратын лаборатория жоқ. «Эксперименттік-ізденіс орталықтары», «театр-лабораториялар», «ашық кеңістіктер» әлемнің кез келген мемлекетінде кездеседі. Олар, көбінесе, Театр одақтарының, арнайы білім беретін оқу орындарының жанынан құрылады. Театр-лабораториялары негізінен заманауи технологиялардың сахналық өнерге енуін ғана емес, сонымен қатар суреткер ретінде не толғандырады, «бүгінгі театр дегеніміз не» деген сауалдардың аясында ізденістер жасайды».

2020 жылдың 13 ақпанында Халықаралық театр сыншылары бірлестігінің *(International Union of Theatre Critics)* тұсауы кесілді. «Бұл ұйымның мұраты – театртанушылар мен Қазақстан театрларының байланысын нығайту, бірге жұмыс істеу. Шетелдерде театртанушылардың дәрежесі жоғары бағаланып, олар өз театрларын өзгелерге таныстыруға ықпал етеді. Біз де қазақ театрын шетелде таныстырғымыз келеді. Алдағы жоспарымызда халықаралық деңгейдегі түрлі жобалар бар. Ең басты мақсатымыз – бүгінгі қазақ театрының негізгі тенденцияларын анықтап, оның дамуы жолында жұмыс істеу», – дейді Бірлестіктің Қазақстандағы жетекшісі, өнертану кандидаты, театр сыншысы Анар Еркебай. Жақында аталған бірлестіктің мұрындық болуымен пьесалардың онлайн-оқылымы қолға алынған еді. Бұл да өнерсүйер қауым үшін жақсы жаңалық болғаны сөзсіз. Енді, еліміздің түкпір-түкпіріндегі қаламгерлер су жаңа туындыларын осы жерге жолдап, білікті мамандардың тезінен өте алады. Бүгіндері «Soun Drama», деректі театр, мюзикл жанрлары қарыштап дамуда, кең өркен жаюда. Мәселен, саунд драма рухында қойылым қойып жүрген Фархат Молдағалидың аяқалысы сүйсіндіреді. Бұған – «Қарагөз», «Құлагер», «Солдат күнделігінен» қойылымдары айғақ. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Театр және кино бөлімінің меңгерушісі Аманкелді Мұқан «Қал қалай, қазақ театры» мақаласында: «Мемлекеттің басты құндылығы – адамдар. Сол адам жанын зерттеп, сезім тұнығына үңілетін, оның ішкі рухани әлемін өңдеп жасампаздық пен тазалықтың, адалдық пен шындықтың дәнін егетін мәдениеттің үлкен ордасы - театр өнері. Осы қуатты құрал – театрдың қоғам өмірінен алар орны мен рөліне жеткілікті мән берілмей келгені анық. Кез келген елдің мәдени дәрежесі ең алдымен театр өнерінің жетістігімен бағаланады десек те, бұл ретте көрші әріптестеріміз қызыға да қызғана да сұқтанатын Қазақстанның мүмкіндігі өте зор. Алуан тілде сөйлейтін театрлары оның мәдени-рухани саласындағы баға жетпес байлығы. Олар мемлекетіміздің тәуелсіздігіне, еліміздің өсіп-өркендеуіне қызмет етіп, ұстанған репертуарлық саясатынан еліміздің тыныс-тіршілігі, мәдени-рухани деңгейі жүйелі түрде көрінуі керек. Театрларымыздың мұндай дәрежеде жұмыс істеуіне қаржылық-материалдық

жағынан тиісті жағдай жасалынып, соңғы жылдары көптеген театрларға жаңа ғимарат беріліп, театрларға республикалық және жергілікті бюджеттен қаржы бөлу де ойдағыдай шешілген» деп көптің көкейіндегі сөзді айтқан-тұғын. Қазіргі қазақ театры турасында көп нәрсе айтуға болар еді. Алайда, көлем көтермейді. Біз тек көзбен көріп, көңілмен сезінген дүниелерге ғана аз-кем тоқталған едік. Алар асу алда деп білеміз, сенеміз, үміттенеміз. Ал әзірге тоқтамай еңбектене берген жөн. Сонда ғана салқар көшке қосыла аламыз.

Әлібек БАЙБОЛ,
жазушы-драматург

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

Тоқымашы қыз бен сиыршы жігіт

Аңызда айтылуынша, тоқымашы қыз Уаң му ханымның жиені екен. Ол құсжолының шығыс жағында тұрыпты. Теңдесі жоқ шебер болғандықтан керемет бір сиқырлы жібекті қолдана отырып, кездемесінің бетіне уақыт пен маусымның өзгерісіне байланысты құбылып тұратын көркем бұлт тоқып шығыпты.

Ортадан қақ бөліп тұрған жымыңдаған жарық жолақ – құсжолының арғы жағы жер беті – адамзат мекені екен. Онда бір сиыр бағатын жас жігіт болыпты. Оның есімі Ню лаң екен. Ата-анасы дүниеден ерте өткен ол ұзақ жыл ағасы мен жеңгесіне еріп өмір сүріпті. Кейде олардың орынсыз жәбіріне ұшырайды екен.

Кейін ағасы мен жеңгесі оны бөліп шығарыпты да, «өз күнінді өзің көр» деп бір кәрі сиыр беріпті. Кәрі сиырының арқасында Ню лаң талай қиындықтан қайыспай аман өтіпті. Жер жыртып, егін егіпті. Топырақтан құйып, там салыпты. Ерінбей еңбек еткеннің арқасында екі жылдан кейін кәдімгідей баспана тұрғызып, жайлап өз бетінше өмір сүре бастапты.

Бір күні тосыннан тіл біткен кәрі сиыры Ню лаңға тоқымашы қыздың басқа пері қыздарымен бірге жасырынып келіп, құсжолы өзеніне шомылмақшы болып жатқанын айтыпты. Қыздар суға түсіп, тереңге қарай жүзіп кеткенде барып, тоқымашы қыздың киімдерін ұрлап алып, жасырып қоюды тапсырыпты. Бұлай істегенде, оны жер бетінде біржолата алып қалып, сүйікті жар етуіне болады екен.

Бұл сөздерге қайран қалған Ню лаң сәті келгенде кәрі сиырдың айтқанын орындап, тоқымашы қыздың киімін алып, жасырып қойыпты. Әлден уақыттан кейін адам баласының өздерін байқап қалғанын сезген пері қыздары дүркірей үркіп, киімдерін асығыс-үсігіс киіп, көкте самғаған құстарға ұқсап ұшып кетіпті. Су ішінде тек киімін таба алмай, тұра қашуға шарасыз қалған тоқымашы қыз ғана қалыпты.

Анандай жерде тұрған айдай сұлу аруды көрген Ню лаң еркінен айырылып, одан өзіне жар болуды өтініпті. Ұялған қыз қымсына басын изейді. Сөйтіп, тоқымашы қыз сиыршы жігітке жар болыпты. Олар бас құрап, отау құрғаннан кейін отағасы болған сиыршы жігіт жер жыртып, егін егіп, отанасы болған тоқымашы қыз кездеме тоқып, жағдайлары жарасып, бал жаласқан бақытты күндер кешіпті.

Арада көп өтпей, тоқымашы келіншек егіз ұл мен қыз табады. Отбасылы екеуі өмір бойы осылай ортамыз толып, арамыздан қыл өтпей, тату-тәтті тұра беретін шығармыз деп ойлайды. Бірақ тыныштығы ұзаққа созылмайды. Аспан билеушісі мен Уаң му ханым бұл істі біліп қояды да, қатты қапаланады. Дереу аспан перілерінің біреуін жұмсап, тоқымашы келіншекті алдырып, жауапқа тартпақ болады.

Келіншегін қолынан тартып әкеткен соң сиыршы жігіт қатты қайғырып, азап шегеді. Іле-шала екі баласын шарбаққа салып әкпішпен көтеріп алып, күн-түн демей ізіне түсіп, артынан қуады.

Алғашында ол жарқырап жатқан жұлдызды өзен – құсжолынан өтіп, аспан билеушісінің алдына дейін бармақ болады. Бірақ қанша қуғанмен таяу жерде тұрғандай көрінетін құсжолының шетіне де жете алмайды. Басын көтеріп бір қарағанда, Уаң му ханым сиқырлы күшімен әлдеқашан аспанға шығарып жіберген құсжолын көреді. Төбеден төнген түнгі аспандағы қосжолы да сол әуелгі қалпы беті шымырлап ағып жатқан ақ жалтыр ағын екен. Бірақ басқа бір арнаға түсіп, қол жетпес биікке шығып кетіпті.

Ню лаң үйіне қайтып келіп, анасынан тірідей айырылған балаларын бауырына басып, көңілі босап, егіле еңірейді.

Дәл осы кезде қорада тұрған кәрі сиырға кенет тіл бітіп:

– Ню лаң, менің дәм-тұзым таусылуға таяу. Мен өлген соң, менің терімді сыпыр. Сонымен аспан әлеміне көтерілуіңе болады, – дейді.

Кәрі сиыр соны айтып болып ұзаққа бармай өледі. Ню лаң оның өсиеті бойынша терісін сыпыруға кіріседі.

Теріні сыпырып болған соң Ню лаң кешікпей балаларын алып, көкке көтеріліп, тоқымашы қызды іздеуге дайындалады. Иығындағы әкпіш ағашқа ілінген шарбақтардың тепе-теңдігін сақтау үшін біреуіне кішкене саптыаяқты салып жібереді.

Ню лаң көкке көтеріліп, лағыл-маржандай жымыңдап жатқан жұлдыздар шоғырын ендеп өтеді. Көлбей созылған құсжолы таяу жерден көлденеңдеп, өзеннің ар жағындағы тоқымашы қыз да әне-міне көзге шалынардай болады. Ню лаң жүрегі жарылардай қуанады. Балалары да кішкентай қолдарын бұлғап, «апалап» айғайлайды. Бұлай болар деп кім күткен, құсжолының бойына жетіп, өзенді кесіп өтуді ойлағаны сол, кенет биік кеңістіктен әлдебір әйелдің алып қолы созылып келіп қалады. Бұл Уаң му ханымның қолы еді. Абдырап қалған ол басындағы шаш түйрегішін алады да, құсжолының жиегіне жағалата бір сызық тартады. Сол сәт жайылып жатқан құсжолы арнасынан аса толқыған алапат аспан дариясына айналып кете береді.

Ню лаң көз алдындағы тау болып толқыған асау ағынды көріп тіксініп тұрып қалады. Жөпелдемеде санасына ешбір тың ой келмейді.

– Әке, саптыаяқты алып, дарияның суын сыртқа төкпейміз бе! – дейді іле көз жасын қолымен сүрткен кішкентай қызы аңғал әрі қайсарлықпен.

– Дұрыс, біз дарияның суын саптыаяқпен сарқайық! – дейді Ню лаң шынашақтай қызының тапқырлығына қатты қуанып.

Ол саптыаяқты алып дария суын сыртқа қарай төге бастайды. Төге-төге шаршағанда, ұлы мен қызы көмекке келіп, кішкентай қолдарымен жабыла сарқады.

Мұндай қайтпас рух, сарқылмас махаббатты көрген аспан әлемінің айбынды билеушісі мен дәті берік, тасбауыр Уаң му ханымның жүрегі сәл де болса жібиді. Оларға әр жылы шілде айының жетінші жұлдызының түнінде бір рет жолығуына рұқсат береді. Кездесетін кезде сауысқандар келіп көпір болып, оларды үстілерінен өткізетін болады.

Содан былай ерлі-зайыпты екеуі әр жылы шілде айының жетінші күні түнде сауысқан-көпірдің үстінде кездесіп, өздерінің сағынышмұңын таусыла айтатын болыпты.

Қытай тілінен аударған
Серік ҮСЕНОВ,
жазушы-аудармашы

«JAS QAZAQ» ГАЛЕРЕЯСЫ

Қылқаламды сөйлеткен

Ямур МОҢДЫБАЕВА
Алматы қаласы «Жас қанат» ықшамауданындағы № 98 жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушысы. Республикалық «Жас қалам» байқауының жеңімпазы. Кішкентайынан қылқаламға құмар. Әсіресе, гүл, үй-жануарлары мен табиғатты бейнелеуді ұнатады.

БАСПАСӨЗ – 2020

JAS QAZAQ газетін оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Настоящим доводим до сведения заинтересованных лиц информацию о том, что в соответствии с определением СМЭС города Алматы от 23.07.2020 г., в отношении ТОО "Telemasters.kz" возбуждено производство о признании его банкротом.

Осы арқылы мүдделі тұлғаларға Алматы қаласының МАЭС 23.07.2020 ж. ұйғарымына сәйкес «Telemasters.kz» ЖШС-не қатысты оны банкрот деп тану туралы өндіріс қозғалғаны туралы ақпаратты хабарлаймыз.

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – *арнаулы тілші*
Әбдіманап КЕҢЕС – *жастар және ғылым*
Кәмшат ТӨЛЕШОВА – *терімші*
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – *web-сайт*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ – Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2218;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым – 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.